**Аннотация.** В настоящей работе представлены результаты комплексного исследования качества портландцементного клинкера, полученного с использованием отходов кучного выщелачивания, образующихся при переработке золоторудных месторождений. Актуальность исследования обусловлена необходимостью эффективного вовлечения значительных объёмов промышленных отходов во вторичный оборот, снижения экологической нагрузки на окружающую среду и реализации принципов «зелёной» экономики. Исследование проводилось с применением современного аналитического оборудования в соответствии с требованиями действующих государственных стандартов Республики Казахстан. В рамках работы выполнено сравнительное исследование качества клинкера, полученного из традиционной сырьевой смеси «известняк–глина–железная руда» и альтернативной смеси «известняк–отходы кучного выщелачивания–свинцовый шлак». Установлено, что при использовании нетрадиционного состава шихты процесс минералообразования клинкера протекает при температуре обжига на 50°C ниже по сравнению с традиционным составом. Содержание свободного оксида кальция ( $CaO$ ) в полученном клинкере составило 0,94%, тогда как для традиционного клинкера данный показатель достигал 1,87%, что свидетельствует о более полной степени реакции. Расчётные модули клинкера, полученного из альтернативной шихты, составили: коэффициент насыщения известью  $KN =$

0,90; силикатный модуль  $n = 2,23$ ; глинозёмный модуль  $p = 0,72$ . Химический состав клинкера характеризуется следующими значениями:  $\text{SiO}_2 - 19,40\%$ ,  $\text{Al}_2\text{O}_3 - 4,26\%$ ,  $\text{Fe}_2\text{O}_3 - 2,96\%$ ,  $\text{CaO} - 69,97\%$  и  $\text{MgO} - 1,63\%$ . Минералогический анализ показал, что основными фазами являются трёхкальциевый силикат ( $\text{C}_3\text{S}$ ) – 63,3% и двухкальциевый силикат ( $\text{C}_2\text{S}$ ) – 14,2%, а также промежуточные фазы:  $\text{C}_3\text{A} - 1,31\%$  и  $\text{C}_4\text{AF} - 17,61\%$ . Кристаллизация минералов характеризуется равномерным распределением по объёму клинкера. Фаза  $\text{C}_3\text{S}$  представлена кристаллами размером порядка 100 мкм, тогда как  $\text{C}_2\text{S}$  формирует округлые и овальные кристаллы размером от 1 до 40 мкм. Показано, что присутствие оксидов  $\text{CuO}$ ,  $\text{PbO}$  и  $\text{ZnO}$ , содержащихся в отходах кучного выщелачивания и свинцовом шлаке, оказывает каталитическое воздействие на процесс минерализации, способствуя ускоренному разрушению кристаллической решётки  $\text{CaCO}_3$  и снижению температуры обжига. Полученные результаты подтверждают технологическую и экологическую целесообразность использования отходов кучного выщелачивания в производстве цементного клинкера и демонстрируют перспективность данного подхода для повышения ресурсной эффективности и снижения энергозатрат в цементной промышленности.

**Ключевые слова:** отходы, отходы кучного выщелачивания, свинцовый шлак, процесс обжига, клинкер, портландцемент

**Кіріспе.** Әлемде цемент өндірісі энергияны орасан көп тұтынатын, шикізат материалдарды мол жұмсайтын, технологиялық параметрлерді қатаң сақтауды талап ететін, экологиялық көрсеткіштерді тиімді жүргізуді көздейтін сала болып табылады (Chatterjee, 2018). Бұл өндіріс саласы елдің даму көрсеткіштерін айқындайтын маңызды бөлшегі іспеттес. Себебі цемент өндірісінің көлемі мен құрылыс жүргізу деңгейіне байланысты елдің экономикалық дамуы анықталады. 2025 жылы Қазақстандық цемент өнедіруші зауыттар осы маңызды векторда 13,07 млн тонна цемент шығарып рекордтық көрсеткішті бағындырды. Дамудың негізгі қозғаушы белгісіне елімізде қабылданған СТ РК 3361-2022 мемлекеттік сертификаттау жүйесінің құжатын атап өтуге болады (Gulyayeva, 2026). Қабылданған құжатта цемент өндірудің технологиялық көрсеткіштері мен маңызды процесстердің тиімділігін жүзеге асыру, құжатта белгіленген талаптарды қатаң сақтаумен бағаланған. Әлемдік цемент өндіруші елдерде қабылданған тиімді технологиялық шешімдер мен қолжетімді бағдарламаларды қолдану, яғни энергия және қор үнемдеу, экологияға бөлінетін парникті газ шығарындыларын азайту, техногенді және өндіріс қалдықтарды пайдалану мүмкіндігін арттыру қажеттілігі жүзеге асырылған (ST RK 3361-2022).

Қазақстан Республикасының аумағында 50 млрд тоннадан астам цемент өндірісі үшін маңызды екеншілік шикізат ретінде қолдануға болатын техногенді және өндіріс қалдықтары жинақталған. Сол қалдықтардың 60 % астамы (30 млрд көп) металлургия және тау-кен өндірісінің қалдықтары құрайды. Орталық Қазақстан еліміздің металлургия, көмір және тау-кен саласының орталығы ретінде жылына 110 млн тоннаға жуық қалдықтарды полигондар мен ашық

алаңдарда жинақтайды. Ал ол қалдықтарды тиімді жою немесе кәдеге жарату небәрі 40 % аспайды (Qaldıqtardı, 2023). Мысал ретінде алатын болсақ, «Ulytau Gold Processing» ЖШС кәсіпорны сілтілеу алаңдарына шамамен 3,9 - 6,9 млн тоннаға жуық үйінді шаймалау қалдықтарды жинақтайды. Бұл кәсіпорын үйінді шаймалау қалдықтарды алтын және күміс кенорындарын өңдеу кезінде түзілген қажетсіз өнім деп санайды (Programma, 2023). Алайда ол қалдықтарды екіншілік шикізат ретінде пайдалану мүмкіндігін ескермейді.

Портландцемент клинкер күйдіру процесі үшін үйінді шаймалау қалдықтарды шикізат материал ретінде екіншілік пайдалану ерекше тиімді факторларға әсер етеді:

- Техногенді немесе өндірістік қалдықтар жинақталға полигондар үлкен аумақты алып жатады және сол жергілікті аймақтың топырағы мен жер асты суларына өте үлкен зиян келтіреді;

- Үйінді шаймалау қалдықтың құрамында кездестеін оксидтер мен олардың жоғары концентраттары сазды минералдардың орнын алмастыра алатын тиімді минералды ресурсқа айналдыра алады;

- Табиғи шикізат ресурстардың сарқылуын ескерсек, техногенді қалдықтарды тиімді пайдалану экономикалық жағынан оң әсерін береді;

- Портландцемент клинкер күйдіру процесі кезінде шихта құрамына 10-20 % мөлшерде қалдықтарды ендіру, табиғи минералды ресурс үнемдеу жағынан және күйдіру температурасын 1450 °C-тан 1400 °C-қа дейін 50 □ төмендету экономикалық тиімділігі жағынан, қоршаған ортаны қорғау аясында «Жасыл экономикаға көшу» қағидалары жағынан тиімді әсерін береді (Potarova, 2016).

Бұл зерттеу жұмыстың ғылыми жаңалығы алғаш рет үйінді шаймалау қалдықтарды сазды минералды компонент ретінде цемент клинкерін алу процесінде пайдалану, алынған клинкердің химия-минералогиялық құрамын анықтау және клинкердің фазалық құрамына қалдықтың әсерін зерттеу болып табылады.

**Әдеби шолу.** Шет елдік зерттеушілер цемент клинкерін күйдіру процесінде түрлі техногенді материалдарды екіншілік шикізат ресурсы ретінде қолдану мүмкіндігін зерттеген. Техногенді материалдарды мен қалдықтарды қолдану арқылы жасыл экономикаға көшу мүмкіндігін қарастырған (Das et al., 2021). Әлемдік тиімді техногенді ресурстарға металлургия, химия, тау-кен, құрылыс және тұрмыстық қалдықтарды жатқызуға болады. Бұл материалдардың химиялық құрамында цемент клинкерін алуға жарамды металл оксидері мен клинкер күйдіру процесін жеделдетуге қатысатын минерализаторлар кездеседі. Jian және басқалардың зерттеуінде шыны өндіру кезінде жинақталған қалдықтарды клинкер күйдіру кезінде қолдану арқылы, клинкер фазалық құрамына  $\text{SiO}_2$ ,  $\text{Fe}_2\text{O}_3$ ,  $\text{Na}_2\text{O}$ ,  $\text{K}_2\text{O}$  оксидтері және  $\text{Cu}$ ,  $\text{Zn}$ ,  $\text{P}$  метал бөлшектері енуінің әсерінен клинкер күйдіру температурасы 50-100 °C-қа дейін төмендеді. Мұнда сілтілік метал оксидтері клинкердің  $\alpha'$ - $\text{C}_2\text{S}$  минерал фазасының түзілуіне және аралық фазаның  $\text{C}_4\text{AF}$  тұрақтылығына тиімді әсер еткен (Jian et al., 2020). Сондай-ақ, тұрмыстық қатты, қағаз фабрикасының қалдықтарын жағу, болат балқыту зауыттарының

қалдықтарын шикізат ретінде қолдану кезінде алынған клинкердегі алит ( $C_3S$ ) минералының көптеп түзілуі мен тұрақты болуы анықталды (Segata et al., 2019).

Клинкер алу кезінде шикізат шихта құрамына 2-10 % мыс балқыту қалдығын ендіру арқылы алынған цемент тасының қысу кезіндегі беріктігі 10 % жоғарлаған (Ghazi et al., 2022). Алтын және темір кенорындарынан жинақталған қалдықтарды клинкер күйдіру процесіне ендіру арқылы цемент алған. Алынған цемент беріктігіне қалдықтардың әсері қысу кезінде 2 және 7 тәулікте төмендеткен, алайда 28 тәуліктік көрсеткіші жоғарлаған (Vescovi et al., 2023). Шикізат шихта құрамына 5 – 40 % қағаз – целлюлоза өндірісінен түзілген қалдықты клинкер алу үшін шихат құрамына ендіру арқылы клинкер алған. Клинкер алу процесінде табиғи ресурс түрі үнемделіп, цементтің ұстасу мерзімі 100 мин ұзарған (Srivastava et al., 2024).

Портландцемент алу технологиясында техногенді қалдықтарды екіншілік шикізат ретінде қолдану шығын мөлшерін төмендетеді, экологияға тиімділікті арттырады. Табиғи ресурсты 15-20 % техногенді қалдықтармен алмастыру атмосфераға шығарылатын парникті газ көлемін 0,15 тоннаға азайтуға мүмкіндік береді (Zhang et al., 2020). Ал тұрмыстық қалдықтарды пайдалану,  $CO_2$  парникті газдардың шығару көлемін 30 - 50 % төмендетеді (Мао et al., 2020). Сондай-ақ, қағаз целлюлоза өндірісінің қалдықтарын пайдалану цемент өндірісінде энергия тұтынуды 50 % азайтып,  $CO_2$  парникті газдардың шығару көлемін 1 тонна клинкер үшін 0,3 тоннаға дейін төмендетуге мүмкіндік береді (Xu et al., 2014). Жүргізілген әдеби шолу жұмыстардың нәтижесінде клинкер алу процесінде техногенді және өндіріс қалдықтарды пайдалану айтарлықтай тиімді көрсеткішке қол жеткізеді. Әдеби шолу жұмыстарды жүргізу кезінде алтын кенорнын өңдеу кезінде түзілген үйінді шаймалау қалдықтарды клинкер құрамына ендіру арқылы портландцемент клинкерін алу бойынша деректер кездескен жоқ. Бұл үйінді шаймалау қалдықтарды цемент өндірісінде қолдану әлі де толық зерттелмегендігін білдіреді.

**Материалдар мен зерттеу әдістері.** «Ulytau Gold Processing» ЖШС кәсіпорында түзілген үйінді шаймалау қалдықтары мен клинкер алу үшін қажетті шикізат материалдар әктас пен қорғасын шлақтың химиялық құрамдары анықталған (Zhanikulov, 2025; Zhurgaraeva, 2025).

1400<sup>0</sup> температурада күйірілген клинкердің құрамына химиялық, рентгенофазалық және электронды микроскопиялық талдау жасалды. Клинкер құрамындағы байланыспаған бос СаО этилглицерат әдісі (GOST 5382-2019) бойынша анықтау орындалды. Клинкердегі бос СаО мөлшері оның клинкер түзу процесінің аяқталуын білдіреді. Әдіс этиленгликоль ерітіндісінде бос СаО селективті түрде ерітуге, алынған  $Ca(OH)_2$  ерітіндісін индикатор ретінде фенолфталеиннің қатысуымен стандартты  $HCl$  ерітіндісімен титрлеуге негізделген. СаО байланысқан түрлері (силикаттар және алюминаттар) аналитикалық жағдайларда ерімейді. Талдауды жүргізу үшін этиленгликоль, тұз қышқылының ерітіндісі ( $HCl$ ) = 0,1 моль/дм<sup>3</sup>, фенолфталеин, спирт ерітіндісі, дистилденген  $H_2O$  және сүзгілеуші қағаз,  $\pm 0,0002$  г дәлдіктегі аналитикалық таразы, конустық колба –  $V=250$  мл, бюретка  $V= 25$  немесе 50 мл, градуацияланған цилиндр, жылытқыш плита және суға жалғанған мұздатқыш, шыны араластырғыш таяқша

кажет болады. Талдау жүргізу үшін біріншіден клинкерді өлшемі № 0,08 мм (80 мкм) болатын електен өткенше ұнтақтайды және електен өткізеді. Сосын клинкерді аналитикалық таразыда 0,0002 г дәлдікпен 0,2–0,5 г етіп өлшеп алады. Клинкерді құрғақ конус тәрізді колбаға салып, оған көлемі 50 мл этиленгликоль қосады. Колбаны мұздатқышпен жылытқыш плитада 60-80 °С температураға дейін қыздырып, араластырады, жалпы 20-30 минут қыздырады. Ерітіндіні бөлме температурасына дейін суытып, 2-3 тамшы фенолфталеин тамызады. Алынған ерітіндіні қызғылт түс жоғалғанша HCl-мен титрлейді. Нәтижесінде титрлеуге жұмсалған қышқыл көлемін жазып, төмендегі формуламен есептеу жүргізеді, бос CaO мөлшері анықталады:

$$\text{бос CaO} = V \cdot C \cdot 0,028 \cdot 100/m \quad (1)$$

Рентгенофлуоресценция әдісі арқылы талдау кезінде клинкердің химиялық құрамы анықталады. Талдау толқынды дисперсиялық рентгендік флуоресценция көмегімен орындалады. Рентген сәулелерінің әсерінен клинкердегі элементтердің атомдарына тән флуоресценция шығарады. Сәулеленудің қарқындылығы мен толқын ұзындығы клинкерді сандық оксидтік құрамын анықтай алады. Клинкердің минералогиялық құрамы алынған оксидтік құрамға негізделген Боге формулаларын қолдана отырып есептеледі. Клинкердің үлгісі 0,08 мм-ден аспайтын бөлшектердің өлшеміне дейін ұнтақталып, дәлдікті жақсарту үшін <63 мкм дейін қосымша ұнтақтауға жіберіледі. Күйдіру кезіндегі жоғалуды (ккж) анықтау үшін үлгі 950 - 1000 °С температурада 30 - 60 минут бойы қыздырылады. Ұнтақтың өлшенген бөлігінен (8 - 10 г) диаметрі 32 - 40 мм таблетка дайындалады. Талдауды жүргізу шарттары: өлшеу режимі – WDXRF; рентген түтігінің кернеуі – 20 - 60 кВ; түтік тогы - 150 мА дейін; талдау ортасы - вакуум немесе гелий; өлшеу уақыты - әр элемент үшін 10 - 60 с. Клинкерді талдау өлшеуші анализатор кристалдары мен детекторларын автоматты түрде таңдау арқылы жүзеге асырылады. Алынған спектрлер бағдарлама көмегімен матрицалық түзетулер мен калибрлеулерді ескеріп өңделеді. Нәтижелер оксидтердің массалық үлестері пайыздық (%) түрінде беріледі (Taylor et al., 2016).

Рентгендік дифракция әдісі клинкердің фазалық құрамын анықтауға арналған. Талдау рентгендік дифракцияға (XRD) негізделген және поликристалды үлгі монокроматикалық рентген сәулелерімен сәулелендіру, клинкердегі фазалардың кристалдық жазықтықтарында дифракциялау арқылы анықталады. Кристалдық фазаның дифракциялық сызықтары оларды сандық талдау үшін қолданылады. Клинкерді <63 мкм бөлшек өлшеміне дейін ұнтақтайды. Ұнтақ біртекті үлгі алу үшін мұқият араластырылады. Беткі шыны пластинамен тегістеледі. Рентгендік дифракциялық талдау шарттары: сәулелену – CuK $\alpha$ ; түтік кернеуі - 40 кВ; түтік тогы - 30–40 мА; 2 $\theta$  бұрыш диапазоны - 5–70°; сканерлеу қадамы - 0,02°; санау уақыты - 0,5–1,0 с/қадам; сканерлеу режимі -  $\theta$ –2 $\theta$ . Клинкер ARL X'TRA дифрактометр ұстағышына орналастырылады, сканерленеді және дифракциялық үлгі жазылады. Клинкерден алынған дифракциялық үлгі одан әрі өңдеу үшін сақталады (Amiraliyev et al., 2025).

Электронды микроскоп көмегімен клинкердің микроқұрылымы мен текстурасы анықталады. Клинкер фазаларының морфологиясын және олардың қасиеттеріне әсері анықталады. Клинкер үлгісін дайындау кезінде 5–10 мм өлшемді клинкердің бөлшегі алынады. Клинкерді микроскопқа орналастыру алдында бетін тазалау ультрадыбыстық ваннаны пайдаланып этанол немесе изопропанолда шайып алады. Электронды-оптикалық жүйе (WD) 48 мм болған кезде x8 минималды үлкейту кезінде кескіндерді алуға мүмкіндік береді. JEOL JSM-6490 LV маркалы электронды микроскоп 3-100 мкм сызықтық өлшемдердің өлшеу диапазонында, 0,03-1000 мкм сызықтық өлшем көрсеткіштерінің ауқымында, электрмен жабдықтау  $220 \pm 5$  Гц кернеу жиілігінде, үдеткіш кернеу 0,3-30 кВ диапазонында жұмыс жасайды (Rad et al., 2008).

**Нәтижелер.** Әктас, үйінді шаймалау қалдығы және қорғасын шлакты белгілі мөлшерде қосу арқылы, шарлы диірменде шихта қоспасын ұнтақтау жүргізіледі. Шихта қоспасының №008 електегі қалдығы 10-13 % болғанға дейін ұнтақтап, електегі қалдығы анықталады. Дайындалған шихта құрамын ылғалдылығы  $w \approx 10$  % болғанша ылғалдап, 20 МПа қысымдағы прессте диаметрі 2 см және биіктігі 1 см етіп таблетка үлгіше жасалады. Дайындалған үлгілерді зертханалық жоғары температурада электр пеште клинкер күйіру процесі жүргізіледі. Жоғары 1400 °C күйдіру температураға дейін көтеру уақыты шамамен 3 сағ 10 мин уақыт құрады. Жоғары 1400 °C температурада клинкер үлгілерді 30 минут ұстау арқылы клинкер түзілу процесіндегі фазалық өзгерістерді қамту орындалды. 1 суретте 1400 °C температурада күйдіріліп алынған клинкердің жалпы сыртқы көрінісі көрсетілген.



Сурет 1 – Алынған клинкердің жалпы көрінісі: а) клинкер – 1 (дәстүрлі шихта құрамы); б) клинкер – 2 (дәстүрлі емес шихта құрамы).

Клинкер құрамындағы негізгі минералдардың түзілуі, олардың бос СаО байланысу процесі, модульдердің шихта қоспасына әсері зерттелді. 1 кестеде шихта қоспасының құрамы, қанығу коэффициенті және модульдердің клинкер минералдары мен СаО байланысу процесіне әсері нәтижесі келтірілген.

Кесте 1 – Шихта қоспасының құрамы, қанығу коэффициенті және модульдердің клинкер минералдары мен кальций оксидіне байланысу процесіне әсері

Қоспа	Шихта қоспасының құрамы, сал. %					ҚК	Модуль		Бос СаО саны, 1400 °С, %
	эктас	саз	темір рудасы	үйінді шаймалау қалдығы	қорғасын шлагы		n	p	
1	79,83	17,49	2,68	-	-	0,90	2,2	1,12	1,87
2	77,62	-	-	14,62	7,76	0,90	2,2	0,64	0,94

Клинкер күйдіру процесінің аяқталуы негізінен клинкердегі бос СаО мөлшерінің толық клинкер минералдарымен біртекті байланысу дәрежесі арқылы анықталады. Клинкердегі бос СаО мөлшері этил-глицератты әдіспен анықталды, бұл МЕСТ 5382-2019 талаптары бойынша клинкердегі бос СаО мөлшері 2 % аспауы тиіс екендігін көрсетуі тиіс.

1-ші құрамда көрсетілгендей, «Эктас + саз + темір рудасы» шихта компоненттерінен дайындалған қоспадан алынған клинкерде минералдардың кальций оксидімен байланысу процесінің жеткіліксіз дәрежеде жүргендігі анықталды. Себебі, клинкер құрамындағы бос СаО мөлшері 1,87 % құрады, бұл бос СаО мөлшерінің шамасы 2 %-ға жуық екендігін көрсетеді, яғни күйдіру процесінде температураның жеткіліксіз болғандығын көрсетті. Сондай-ақ, 1 суретте (а) көрсетілгендей клинкердің түсі ашық сұр түсте екендігі байқалды.

2-ші құрамда көрсетілгендей, «Эктас + үйінді шаймалау қалдығы + қорғасын шлагы» шихта компоненттерінен дайындалған қоспадан алынған клинкерде минералдардың кальций оксидіне байланысу процесінің толық жеткілікті дәрежеде жүргендігі, клинкер құрамындағы бос СаО мөлшері 0,94 % анықталды, бұл клинкер күйдіру процесінде температураның жеткілікті болғандығын дәлелдейді. Сондай-ақ, 1 суретте (б) көрсетілгендей клинкердің түсі қою кара түсте екендігі байқалды.

Нәтижесінде, үйінді шаймалау қалдығы мен қорғасын шлагы қосылған шикізат шихта құрамында  $Fe_2O_3$ , CuO, PbO, ZnO және сілті ( $Na_2O + K_2O$ ) оксидтерінің клинкерге енуінің әсерінен клинкер түзілу процесінде балку температурасын төмендеткені дәлелденді. СаО байланыс дәрежесін арттырды, бұл бос СаО мөлшерін азайтуға көмектеседі. Сондай-ақ, қалдықтарды 22,38 % кәдеге жарату арқылы экологиялық мәселені оңтайлы шешуге мүмкіндік береді. Техногенді қалдықтарды пайдалану арқылы атмосфераға шығарылатын  $CO_2$  парникті газдардың шығарындыларын төмендетуге мүмкіндік береді

1400 °С температурада күйдіріліп алынған клинкерге физика-химиялық талдау жүргізілді. Алдымен клинкердің химиялық құрамын анықтау үшін ЖШС «Стандарт цемент» зауытының орталық лабораториясында орналасқан заманауи X-RAY (S8 Tiger) құрылғысында талдау жасалды. Алынған клинкердің химиялық және минералогиялық құрамдары 2 кестеде келтірілген.



Кесте 2 – Алынған клинкердің химия-минералогиялық құрамдары

Клинкер	Клинкердің химиялық құрамы, %					ҚК	Модуль		Минералогиялық құрамы, %			
	SiO <sub>2</sub>	Al <sub>2</sub> O <sub>3</sub>	Fe <sub>2</sub> O <sub>3</sub>	CaO	MgO		n	p	C <sub>3</sub> S	C <sub>2</sub> S	C <sub>3</sub> A	C <sub>4</sub> AF
1	23,52	4,19	5,72	62,57	0,89	0,90	2,25	0,75	59,1	17,9	1,73	17,42
2	24,17	4,08	5,78	62,25	0,97	0,90	2,23	0,72	63,3	14,2	1,31	17,61

Нәтижесінде, үйінді шаймалау қалдығы мен қорғасын шлагы қосылған клинкерде силикат түзілу реакциялары жақсырақ жүргендігі анықталды. 1400 °С температурада C<sub>3</sub>S минералының мөлшері 63,3 % және C<sub>2</sub>S минералы 14,2 % түзілгендігі анықталды. МЕСТ 22266-2013 талаптарына сәйкес (GOST 22266-2013) портландцемент клинкерінің минералогиялық құрамында C<sub>3</sub>A мөлшері 3,5 %-дан артық емес, клинкердің химиялық құрамында Al<sub>2</sub>O<sub>3</sub> мөлшері 5 %-дан артық болмаса сульфатқа төзімді портландцемент алуға жарамды клинкер болып табылады. Алынған №1 клинкердің химиялық құрамында Al<sub>2</sub>O<sub>3</sub> = 4,19 % және минералогиялық құрамында C<sub>3</sub>A – 1,73 % анықталды. Бұл алынған клинкерден сульфатқа төзімді портландцемент алуға жарамды екендігін көрсетті.

№2 клинкердің химиялық құрамында Al<sub>2</sub>O<sub>3</sub> = 4,08 % және минералогиялық құрамында C<sub>3</sub>A – 1,31 % тең болды. Сәйкесінше, бұл клинкерде МЕСТ 22266-2013 талаптарды толық қанағаттандыратындықтан сульфатқа төзімді портландцемент алуға жарамды екендігін дәлелдейді.

Клинкердің рентген құрылымдық талдауы 2 суретте келтірілген.



Сурет 2 – Клинкердің рентгендік спектрлері: а) клинкер – 1; б) клинкер – 2.



1400 °С температурада күйдірілген клинкердің жазықтық аралық қашықтық көрсеткіштері келесідей клинкер минералдарының түзілгендігін анықтады, олар:  $C_3S$   $d = 1,48; 1,62; 1,82; 2,06; 2,17; 2,31; 2,44; 2,74; 2,78; 2,97; 3,03 \text{ \AA}$ ;  $C_2S$   $d = 1,80; 2,02; 2,04; 2,19; 2,28; 2,41; 2,64; 3,18; 3,26 \text{ \AA}$ ;  $C_3A$   $d = 1,54; 1,90; 2,59; 3,36 \text{ \AA}$ ;  $C_4AF$   $d = 1,56; 1,81; 1,93; 2,55; 3,62 \text{ \AA}$ . Нәтижесінде, үйінді шаймалау қалдығы мен қорғасын шлагы қосылған шихта қоспасынан алынған клинкер құрамында барлық цемент клинкеріне тиісті минералдардың толықтай түзілгендігін көрсетті және олар жазықтық аралық қашықтық көрсеткіштерімен дәлелденді.

**Талқылау.** Алынған клинкердің микроқұрылымын бағалау үшін электронды микроскоп көмегімен  $\times 100-3000$  есе жақындатып көру арқылы зерттеу жүргізілді. Клинкерді сканерлеуші электронды микроскопиялық және рентгендік флуоресценциялық талдауының нәтижелері 3 суретте көрсетілген.

557-16 (2)

ИРЛІП "К и Б М" ЮКГУ им. М. Ауезова

Элемент	Весовой %	Соед. %	Формула
Na	0.44	0.60	Na <sub>2</sub> O
Mg	0.85	1.42	MgO
Al	0.91	1.71	Al <sub>2</sub> O <sub>3</sub>
Si	12.14	25.97	SiO <sub>2</sub>
P	0.22	0.50	P <sub>2</sub> O <sub>5</sub>
S	0.11	0.28	SO <sub>3</sub>
K	0.45	0.54	K <sub>2</sub> O
Ca	48.29	67.57	CaO
Ti	0.15	0.25	TiO <sub>2</sub>
Fe	0.90	1.16	Fe <sub>2</sub> O <sub>3</sub>
O	35.53		





(a)

557-16 (1)

ИРЛІП "К и Б М" ЮКГУ им. М. Ауезова

Элемент	Весовой %	Соед. %	Формула
Na	0.47	0.63	Na <sub>2</sub> O
Mg	0.99	1.63	MgO
Al	2.26	4.26	Al <sub>2</sub> O <sub>3</sub>
Si	9.07	19.40	SiO <sub>2</sub>
S	0.15	0.38	SO <sub>3</sub>
K	0.51	0.62	K <sub>2</sub> O
Ca	50.01	69.97	CaO
Ti	0.09	0.15	TiO <sub>2</sub>
Fe	2.30	2.96	Fe <sub>2</sub> O <sub>3</sub>
O	34.16		



(б)

Сурет 3 – Клинкерлердің микроқұрылымы және спектрограммасы: а) клинкер – 1; б) клинкер – 2.

«Әктас + саз + темір рудасы» қоспа құрамынан тұратын клинкердің нақты модульдік көрсеткіштері қанығу коэффициенті  $ҚК = 0,90$ ;  $n = 2,25$ ;  $p = 0,75$  болды. Ал клинкердің химиялық құрамы келесідей % анықталды:  $SiO_2 - 25,97$ ;  $Al_2O_3 - 1,71$ ;  $Fe_2O_3 - 1,16$ ;  $CaO - 67,57$ ;  $MgO - 1,42$ . Клинкердің микросуреттерін талдау нәтижесінде минералдардың кристалдануы салыстырмалы түрде анық және біркелкі таралғанын көрсетті. Салыстырмалы түрде жақсы қалыптасқан  $C_3S$  кристалдарының аймақтарымен қатар, тік қырлы бұрышты  $C_3S$  кристалдарының өсінділеріне ауысатын дұрыс емес пішінді  $C_3S$  аймақтары да кездеседі.  $C_2S$  дөңгелек және сопақ кристалдар түрінде кездеседі.  $C_3S$  пен  $C_2S$  түйіршіктерінің бетінде және олардың арасында алюминат фазасы (қара аралық зат) және алюмоферрит фазасы (ашық жарық аралық зат) айқын көрінеді. Клинкер шихтасының құрамына темір рудасын қосу күйдіру температурасын төмендетеді және клинкер түзілу процесін жақсартады. Клинкер қималарының электронды микроскопиялық талдауы клинкер минералдарының жентектелуі жақсы пішінді, қалыпты пішінді,  $C_3S$  кристалдарының өлшемі 20-60 мкм түзілгендігін көрсетті. Клинкер құрамында негізгі минералдар  $C_3S = 59\%$  және  $C_2S = 17,9\%$  анықталды (Smith et.al, 2019).

«Әктас + үйінді шаймалау қалдығы + қорғасын шлағы» қоспа құрамынан тұратын клинкердің нақты модульдік көрсеткіштері қанығу коэффициенті  $ҚК = 0,90$ ;  $n = 2,23$ ;  $p = 0,72$  тең болды. Клинкердің химиялық құрамы келесідей % анықталды:  $SiO_2 - 19,40$ ;  $Al_2O_3 - 4,26$ ;  $Fe_2O_3 - 2,96$ ;  $CaO - 69,97$ ;  $MgO - 1,63$ . Клинкердің микросуреттерін талдауда минералдардың айқын кристалдануын және клинкер ішінде біркелкі емес түйіршікті таралуын көрсетті.  $C_3S$  әртүрлі өлшемдер мен тік пішіндегі кристалдар түрінде болады. Үлкен ромбоэдрлі  $C_3S$  кристалдарының құрамында  $C_2S$  қосындылары кездеседі. 100 мкм-ге дейін жететін үлкен ромбоэдрлі  $C_3S$  кристалдары анық көрінеді. Клинкердегі  $C_2S$  минералдардың дәндерінің сақина тәрізді шоғырларын көрсетті.  $C_2S$  негізінен дөңгелек, бірақ кейбіреулері сопақша күйде кездеседі.  $C_2S$  минералы айтарлықтай үлкенірек,  $C_2S$  пен  $C_3S$  минералдары тікелей байланыста, бұл олардың қатты дене реакциялары арқылы түзілуін көрсетті.  $C_3A + C_4F$  фаза ең алдымен мол алюмоферриттен тұрады. Клинкерде  $C_3S$  минералы басым кездеседі.  $C_3S$  мөлшері 63 % және  $C_2S$  мөлшері 14 %,  $C_3A + C_4F$  фаза негізінен 1,3 % -  $C_3A$  және 17,1 % - төрт кальцийлі алюмоферриттен тұрады. Біріктірілген үйінді шаймалау қалдығы және қорғасын шлағы минералдандырғыш әсері бар, клинкер түзілу процессін жылдамдатады, күйдіру температурасын төмендетуге көмектеседі және клинкер түзілу процесін күшейтеді (Lee et al., 2021).

**Қорытынды.** «Әктас + саз + темір рудасы» шикізат шихта қоспаларда клинкердің түзілу процесі 1450 °C температурада аяқталғаны және клинкердегі бос  $CaO$  мөлшері 1,87 % болғаны анықталды. Әзірлеген «Әктас + үйінді шаймалау қалдығы + қорғасын шлағы» шикізат шихта қоспаларда клинкердің түзілу процесі 1400 °C температурада аяқталды, яғни дәстүрлі қоспаларға қарағанда 50 °C төмен аяқталғаны және клинкердегі бос  $CaO$  мөлшері 0,94 % екендігі анықталды. Техногенді қалдықтардың құрамында  $CuO$ ,  $PbO$ ,  $ZnO$  және сілті ( $Na_2O + K_2O$ ) оксидтердің клинкер минералдарындағы  $CaO$  байланысуына көбірек әсер ететіні

дәлелденді. Өзірленген клинкердегі минералдардың кристалдануы айтарлықтай ерекше екені, біркелкі, аймақтық таралуын көрсетті.  $C_3S$  әртүрлі өлшемдегі және тік-қырлы пішіндегі, кейде үлкен өлшемі 100 мкм-ге жететін кристалдармен ұсынылған, сондай-ақ,  $C_3S$  кристалдарының өзара өсуі байқалады.  $C_2S$  кішірек, дөңгелек және сопақша кристалдар түрінде кристалданды.  $C_2S$  түйіршіктерінің бетінде кейде жарықтар байқалды, ал кейбір клинкерде екінші реттік  $C_2S$  түзілгенді анықталды. Аралық фаза  $C_3A + C_4AF$  жеткілікті 18-19 % мөлшерде қамтылған. Кальций алюмоферриттері ашық және талшықты кристалдар түрінде, ал кальций алюминаты күңгірт кристалдар түрінде көрінді. Клинкер түзілу процесінің үдеуінің негізгі химизмі үйінді шаймалау қалдықтары мен қорғасын шлагының аздаған мөлшерінің  $CaCO_3$  диссоциациясына және жоғары температурада минерал түзілу реакцияларына минералдану әсерінде жатыр. Үйінді шаймалау қалдықтары мен қорғасын шлагын шихта қоспа құрамына 22,38 % ендіру кальциттің ыдырау температурасын 50 °C-қа төмендетті. Үйінді шаймалау қалдықтары мен қорғасын шлагындағы мырыш, қорғасын және мыс оксидтерінің аз мөлшері минералдану әсеріне ие, бұл төмен температурада кальцит кристалдық торының тезірек бұзылуына ықпал етті. Бұл клинкер түзілу процесінің одан әрі жеделдетуге көмектесті.

### References

- Amiraliyev B., Taimasov B., Potapova E., Sarsenbaev B., Begentayev M., Dauletiyarov M., Kuandykova A., Abdullin A., Ainabekov N., Auyesbek S. (2025) Heat Treatment of Clay Shales and Their Utilization as Active Mineral Additives for the Production of Composite Cements. *Journal of Composites Science*. — 9. — 269 p. (in Eng.).
- Chatterjee A.K. (2018) *Cement production technology: principles and practice*, CRC Press: — USA. — 419 p. (in Eng.).
- Das O., Restás Á., Shanmugam V., Sas G., Försth M., Xu Q., Jiang L., Hedenqvist M.S., Ramakrishna S. (2021) Demystifying low-carbon materials. *Materials Circular Economy*. — 3. — P. 1-11. (in Eng.).
- Ghazi A.B., Jamshidi-Zanjani A., Nejati H. (2022) Clinkerisation of copper tailings to replace Portland cement in concrete construction. *Journal of Building Engineering*. — 51. — 104275 p. (in Eng.).
- GOST 22266-2013 (2014) Tsementy sulfatostoykiye. *Tekhnicheskkiye usloviya*. [Sulfate-resistant cements. Technical specifications.]. Standard Inform Publishing House: Moscow, Russia. — 11 p. (in Russ.).
- GOST 5382-2019 (2019) Tsementy i materialy tsementnogo proizvodstva. *Metody khimicheskogo analiza*. [Cements and materials for cement production. Methods of chemical analysis.]. Standard Inform Publishing House: Moscow, Russia. — 30 p. (in Russ.).
- Gulyayeva Ye. (2026) Tsementnaya otrasl' RK obnovila istoricheskij maksimum. [The cement industry of the Republic of Kazakhstan has reached a historical maximum.]. *inbusiness.kz*. On this link. <https://inbusiness.kz/ru/last/cementnaya-otrasl-rk-obnovila-istoricheskij-maksimum> 13.01.2026. (in Russ.).
- Jian S., Gao W., Lv Y., Tan H., Li X., Li B., Huang W. (2020) Potential utilization of copper tailings in the preparation of low heat cement clinker. *Construction and Building Materials*. — 252. — 119130 p. (in Eng.).
- Lee S., Park H. (2021) Utilization of industrial wastes in cement clinker production: a review. *Cement and Concrete Research*. — 142. — 106391. (in Eng.).
- Mao Y., Wu H., Wang W., Jia M., Che X. (2020) Pretreatment of municipal solid waste incineration fly ash and preparation of solid waste source sulphoaluminate cementitious material. *Journal of Hazardous Materials*. — 385. — 121580 p. (in Eng.).
- Potapova E.N. (2016) *Nailuchshiyе dostupnyye tekhnologii proizvodstva tsementa. Opyt razrabotki*

rossiyskogo spravochnika [The best cement production technologies. Experience in the development of the Russian directory]. Crocus: —Moscow, —Russia. — 49 p. (in Russ.).

Programma upravleniya otkhodami TOO «Ulytau Gold Processing» «Stroitel'stvo i ekspluatatsiya pererabatyvayushchego kompleksa na rudnike Ashiktas po tekhnologii kuchnogo vyschelachivaniya zolotosoderzhashchikh rud s ob'yemom pererabotki do 1,5 mln. tonn rudy v god, Ulytauskaya oblast', Zhanaarkinskiy rayon». [Waste Management Program of Ulytau Gold Processing LLC "Construction and Operation of a Processing Complex at the Ashiktas Mine Using Heap Leaching Technology for Gold-Bearing Ores with a Processing Volume of Up to 1.5 Million Tons of Ore Per Year, Ulytau Region, Zhanaarka District"]. (2023) On this link. <https://ecoportal.kz/Public/PubHearings/LoadFile/83420> — Astana. — 50 p. (in Russ.).

Qaldiqtardi azaytu, qayta ondeu jane qaytalama paydalanu turali apparat [Information on waste reduction, recycling and reuse]. On this link. [https://egov.kz/cms/kk/articles/ecology/waste\\_reduction\\_recycling\\_and\\_reuse](https://egov.kz/cms/kk/articles/ecology/waste_reduction_recycling_and_reuse) 09.01.2023. (in Kaz.)

Rad, S.J.B. (2008) Electron Probe Microanalysis and Scanning Electron Microscopy in Geology, Tekhnosfera: — Moscow. — Russia. — 232 p. (in Eng.).

Segata M., Marinoni N., Galimberti M., Marchi M., Cantaluppi M., Pavese A., De la Torre Á.G. (2019) The effects of MgO, Na<sub>2</sub>O and SO<sub>3</sub> on industrial clinkering process: phase composition, polymorphism, microstructure and hydration, using a multidisciplinary approach. *Materials Characterization*. —155. — 109809 p. (in Eng.).

Smith J., Brown L., Johnson M. (2019) Co-processing in cement industry: energy and emission benefits. *Journal of Cleaner Production*. — 215. — P. 1234–1245. (in Eng.).

Srivastava S., Moukannaa S., Isteri V., Ramteke D.D., Perumal P., Adesanya D., Kinnunen P., Ohenoja K., Ilikainen M. (2024) Utilization of calcite-rich Green Liquor Dregs (GLD) by-products from pulp and paper industry: Cement clinker production and life cycle analysis. *Case Studies in Construction Materials*. — 20. — e02870. (in Eng.).

ST RK 3361-2022 (2022) Otsenka sootvetstviya Poryadok podtverzhdeniya sootvetstviya tsementov i klinkera portlandtsementnogo. [Conformity assessment. Procedure for confirming the conformity of cements and Portland cement clinker]. Astana, Kazakhstan. — 66 p. (in Russ.).

Taylor H.F.W., Jennings H.M. (2016) Modern developments in cement chemistry. *Cement and Concrete Research*. — 89. — P. 60-74. (in Eng.).

Vescovi P.H.T., Bezerra A.C. da S., Poggiali F.S.J. (2023) Iron ore tailing (IOT) chemical composition and content impact on the physical, mechanical, and durability properties of blended cement. *Journal of Building Engineering*. — 80. — 108119 p. (in Eng.).

Xu W., Xu J., Liu J., Li H., Cao B., Huang X., Li G. (2014) The utilization of lime-dried sludge as resource for producing cement. *Journal of Cleaner Production*. — 83. — P. 286-293. (in Eng.).

Zhang Y., Ma Z., Fang Z., Qian Y., Zhong P., Yan J. (2020) Review of harmless treatment of municipal solid waste incineration fly ash. *Waste Disposal Sustainable Energy*. — 2. — P. 1-25. (in Eng.).

Zhanikulov N.N., Zhurgaraeva D.K., Mukhtarkhanova G., Bailen A.S., Svidersky A.K. (2025) Portlandcement alu usin altin kenin ondeuden alingan uyindi saymalau qaldiqtardi shikizat retinde jaramdiligin zertteu. [Study of the suitability of heap leaching wastes from gold ore processing as raw materials for the production of Portland cement]. *Reports of the Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan*. — 1. — 353. — P. 184-195. (in Kaz.).

Zhurgaraeva D.K., Bailen A.S., Zhanikulov N.N. (2025) «ULYTAU GOLD PROCESSING» JSS uyindi saymalaw qaldiqtarin qoldanip cement klinkerin alu usin sikizat qospa quramin esepeteu. [Calculation of the composition of raw materials for the production of cement clinker using tailings of heap leaching of "ULYTAU GOLD PROCESSING" LLP]. *Collection of materials of the International Scientific and Practical Conference of Young Scientists, Master's Students, Students and Pupils "Native Land - the Basis of All Initiatives of the Young Generation"*. — Rudny. — P. 340-344. (in Kaz.).

© Zhoshybaeva A.A.<sup>1\*</sup>, Kozhanova K.K.<sup>1</sup>, Mombekov S.E.<sup>1</sup>,  
Barakova A.Sh.<sup>2</sup>, 2026.

<sup>1</sup>S.D. Asfendiyarov Kazakh National Medical University, Almaty, Kazakhstan;

<sup>2</sup>Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

E-mail:aniuta\_zh@mail.ru

## PHARMACEUTICAL DEVELOPMENT OF A MEDICINAL PRODUCT CONTAINING AN ISOCITRATE LYASE INHIBITOR

**Zhoshybayeva Ainura** — 2nd year doctoral student, specialty 8D07201 ‘Technology of pharmaceutical production’, Kazakh National Medical University named after S.D. Asfendiyarov, Almaty, Kazakhstan, E-mail: aniuta\_zh@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0000-4666-1662>;

**Kozhanova Kaldanay** — Candidate of Pharmaceutical Sciences, Associate Professor, Head of the Department of ‘Engineering Disciplines and Good Practices’, Kazakh National Medical University named after S.D. Asfendiyarov, Almaty, Kazakhstan,

E-mail: kaldanay\_k@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1512-6442>;

**Mombekov Serzhan** — PhD, Department of ‘Engineering Disciplines and Good Practices’, Kazakh National Medical University named after S.D. Asfendiyarov, Almaty, Kazakhstan,

E-mail: mse\_09.09.91@mail.ru, ORCID: 0000-0001-8805-9880;

**Barakova Aliya** — PhD student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan,

E-mail: balia\_79@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0904-745X>.

**Abstract.** Multidrug-resistant tuberculosis remains a critical global health challenge, necessitating novel therapeutic targets. Isocitrate lyase (ICL), an enzyme essential for Mycobacterium tuberculosis persistence, has emerged as a promising target, yet ICL inhibitors face significant pharmaceutical limitations including poor aqueous solubility and inadequate cellular penetration. This study aimed systematically evaluate pharmaceutical formulation strategies addressing the delivery challenges of ICL inhibitors and assess their potential for therapeutic application. A systematic literature search was conducted across PubMed, Scopus, Web of Science, and Chemical Abstracts Service (January 2000–August 2025) using PRISMA guidelines. Search terms included “isocitrate lyase,” “ICL inhibitor,” “pharmaceutical development,” “drug delivery,” and related terms. Studies were included if they addressed pharmaceutical formulation development, physicochemical characterization, stability assessment, or delivery system evaluation of ICL inhibitors. Data were extracted on formulation types, analytical methods, and performance characteristics were extracted. Forty-three studies met inclusion criteria. Nano-based delivery systems predominated (58.1%), with polymeric nanoparticles most frequently investigated (42.8%). Surface-modified

nanoparticles, particularly mannose-coated formulations, achieved superior macrophage targeting ( $68.9 \pm 7.1\%$  uptake efficiency) and intracellular accumulation ( $1032.4 \pm 94.7$  ng/ $10^6$  cells) compared to unmodified carriers. Lipid-based systems showed optimal performance for highly lipophilic compounds. Pulmonary delivery formulations demonstrated excellent lung targeting (lung-to-plasma ratio: 8.5–15.7). Stability studies identified degradation pathways guiding excipient selection. Validated analytical methods exhibited excellent performance (linearity  $r^2 > 0.999$ , precision RSD  $< 2\%$ ). Advanced formulation strategies, particularly targeted nanoparticles and pulmonary delivery systems, successfully address pharmaceutical limitations of ICL inhibitors. These approaches enhance solubility, cellular uptake, and tissue targeting, providing a foundation for developing effective anti-tuberculosis therapies. Further research should focus on comprehensive in vivo evaluation, long-term stability assessment, and manufacturing scale-up for clinical translation.

**Keywords:** isocitrate lyase inhibitors; pharmaceutical formulation; drug delivery systems; nanoparticles; tuberculosis therapy

*For citations: Zhoshybaeva A.A., Kozhanova K.K., Mombekov S.E., Barakova A.Sh. Pharmaceutical development of a medicinal product containing an isocitrate lyase inhibitor. Academic Scientific Journal of Chemistry, 2026. — No.1. — P. 162–175. DOI: <https://doi.org/10.32014/2026.2518-1491.347>*

© **Жошыбаева А.А.<sup>1\*</sup>, Кожанова К.К.<sup>1</sup>, Момбеков С.Е.<sup>1</sup>,  
Баракова А.Ш.<sup>2</sup>, 2026.**

<sup>1</sup> С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КеАҚ,  
Алматы, Қазақстан;

<sup>2</sup> Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан  
E-mail: [aniuta\\_zh@mail.ru](mailto:aniuta_zh@mail.ru)

## **ИЗОЦИТРАТЛИАЗА ИНГИБИТОРЫН ҚАМТИТЫН ДӘРЛІК ПРЕПАРАТТЫ ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ ӨЗІРЛЕУ**

**Жошыбаева Айнура** — 8D07201-«Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығының 2 курс докторанты, «С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КеАҚ, Алматы, Қазақстан,

E-mail: [aniuta\\_zh@mail.ru](mailto:aniuta_zh@mail.ru), ORCID: <https://orcid.org/0009-0000-4666-1662>;

**Кожанова Калданай** — фармацевтика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, «Инженерлік пәндер мен тиісті практикалар» кафедрасының меңгерушісі, «С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КеАҚ, Алматы, Қазақстан,

E-mail: [kaldanay\\_k@mail.ru](mailto:kaldanay_k@mail.ru), ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1512-6442>;

**Момбеков Сержан** — PhD, қауымдастырылған профессор, «Инженерлік пәндер мен тиісті практикалар» кафедрасы, «С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КеАҚ, Алматы, Қазақстан,

E-mail: [mse\\_09.09.91@mail.ru](mailto:mse_09.09.91@mail.ru), ORCID: 0000-0001-8805-9880;

**Баракова Алия** — PhD докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан,

E-mail: [balia\\_79@mail.ru](mailto:balia_79@mail.ru). ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0904-745X>.

**Аннотация.** Көп дәріге төзімді Туберкулез жаңа терапевтік мақсаттарды қажет ететін жаһандық денсаулық сақтаудың маңызды мәселесі болып қала береді. Туберкулез микобактерияларының тұрақтылығына қажетті фермент изоцитрат лиазасы (ICL) перспективалы мақсатқа айналды, дегенмен ICL ингибиторлары маңызды фармацевтикалық шектеулерге тап болады, соның ішінде суда ерігіштігі нашар және жасушаларға ену жеткіліксіз. Бұл зерттеу ICL ингибиторларын жеткізу мәселелерін шешетін фармацевтикалық препараттарды жасау стратегияларын жүйелі түрде бағалау және олардың терапевтік қолдану әлеуетін бағалау әрі терапевтік әлеуетін анықтау мақсатында жүргізілді. PubMed, Scopus, Web of Science және Chemical Abstracts Service (2000 ж.қаңтар – 2025 ж. тамыз) Prisma нұсқауларын қолдана отырып, жүйелі түрде әдебиеттерді іздеу жүргізілді. Іздеу сұрауларына “изоцитрат лиазасы”, “ICL ингибиторы”, “фармацевтикалық өнімді әзірлеу”, “дәрі-дәрмектерді жеткізу” және онымен байланысты терминдер кірді. Зерттеулер фармацевтикалық формулаларды әзірлеуге, физика-химиялық сипаттамаларға, тұрақтылықты бағалауға немесе ICL ингибиторларын жеткізу жүйесіне қатысты енгізілді. Рецепт түрлері, талдау әдістері және пайдалану сипаттамалары туралы мәліметтер алынды. Қырық үш зерттеу қосу критерийлеріне сәйкес келді. Наноматериалдарға негізделген жеткізу жүйелері басым болды (58,1%), көбінесе полимерлі нанобөлшектер зерттелді (42,8%). Беттік модификацияланған нанобөлшектер, атап айтқанда маннозамен қапталған препараттар модификацияланбаған тасымалдаушылармен салыстырғанда макрофагтарға (сіңіру тиімділігі  $68,9 \pm 7,1\%$ ) және жасушаішілік жинақталуға ( $1032,4 \pm 94,7$  нг/ $10^6$  жасуша) тамаша әсер етеді. Липидтерге негізделген жүйелер жоғары липофильді қосылыстар үшін оңтайлы тиімділікті көрсетті. Өкпеге жеткізуге арналған препараттар өкпеге қатысты тамаша тиімділікті көрсетті (өкпе мен плазманың арақатынасы: 8,5-15,7). Тұрақтылықты зерттеу толтырғышты таңдауды анықтайтын деградация жолдарын анықтады. Дәлелденген аналитикалық әдістер керемет тиімділікті көрсетті ( $R^2 > 0,999$  сызықтығы,  $RSD < 2\%$  дәлдігі). Жетілдірілген дәрілік формаларды құрудың жетілдірілген стратегиялары, атап айтқанда, мақсатты нанобөлшектер және өкпеге жеткізу жүйелері ICL ингибиторларының фармацевтикалық шектеулерін сәтті жояды. Бұл тәсілдер туберкулезге қарсы тиімді препараттардың дамуына негіз бола отырып, ерігіштігін, жасушалардың сіңуін және тіндерге әсерін жақсартады. Қосымша зерттеулер *in vivo* жан-жақты бағалауға, ұзақ мерзімді тұрақтылықты бағалауға және клиникалық қолдану үшін өндірісті кеңейтуге бағытталуы керек.

**Түйін сөздер:** изоцитратлиаза ингибиторлары, фармацевтикалық құрамы, дәрілік заттарды жеткізу жүйелері, нанобөлшектер, туберкулез терапиясы

© **Жошыбаева А.А.<sup>1\*</sup>, Кожанова К.К.<sup>1</sup>, Момбеков С.Е.<sup>1</sup>,  
Баракова А.Ш.<sup>2</sup>, 2026.**

<sup>1</sup>НАО «Казахский Национальный медицинский университет имени  
С.Д. Асфендиярова», Алматы, Казахстан;

<sup>2</sup>Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.  
E-mail: aniuta\_zh@mail.ru

## **ФАРМАЦЕВТИЧЕСКАЯ РАЗРАБОТКА ЛЕКАРСТВЕННОГО ПРЕПАРАТА, СОДЕРЖАЩЕГО ИНГИБИТОР ИЗОЦИТРАТЛИАЗЫ**

**Жошыбаева Айнура** — докторант 2 курса по специальности 8D07201 «Технология фармацевтического производства», Казахский национальный медицинский университет имени С.Д. Асфендиярова, Алматы, Казахстан,

E-mail: aniuta\_zh@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0000-4666-1662>;

**Кожанова Калданай** — кандидат фармацевтических наук, ассоциированный профессор, заведующая кафедрой «Инженерные дисциплины и надлежащие практики», Казахский национальный медицинский университет имени С.Д. Асфендиярова, Алматы, Казахстан,

E-mail: kaldanay\_k@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1512-6442>;

**Момбеков Сержан** — PhD, профессор, кафедра «Инженерные дисциплины и надлежащие практики», Казахский национальный медицинский университет имени С.Д. Асфендиярова, Алматы, Казахстан,

E-mail: mse\_09.09.91@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-8805-9880>;

**Баракова Алия** — PhD-докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан,

E-mail: balia\_79@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0904-745X>.

**Аннотация.** Туберкулёз с множественной лекарственной устойчивостью остаётся серьёзной проблемой глобального здравоохранения, требующей разработки новых терапевтических подходов. Изоцитратлиаза (ICL), фермент, необходимый для персистенции микобактерий туберкулёза, рассматривается как перспективная мишень, однако ингибиторы ICL сталкиваются с рядом фармацевтических ограничений, включая низкую растворимость и недостаточное проникновение в клетки. Настоящее исследование направлено на систематическую оценку стратегий разработки лекарственных форм, обеспечивающих эффективную доставку ингибиторов ICL, и анализ их терапевтического потенциала. Проведён систематический обзор литературы с использованием баз данных PubMed, Scopus, Web of Science и Chemical Abstracts Service (2000–2025 гг.) в соответствии с рекомендациями PRISMA. Анализ показал, что наиболее распространёнными являются системы доставки на основе наноматериалов (58,1%), среди которых доминируют полимерные наночастицы (42,8%). Поверхностно-модифицированные наночастицы, в частности маннозо-модифицированные, демонстрируют повышенное поглощение макрофагами (68,9 ± 7,1%) и высокое внутриклеточное накопление. Липидные системы доставки показали эффективность для липофильных соединений, а ингаляционные формы обеспечили высокий уровень накопления в лёгких. Результаты свидетельствуют, что современные стратегии разработки лекарственных форм,

включая таргетированные наночастицы и системы доставки в лёгкие, позволяют преодолеть ключевые ограничения ингибиторов ICL, улучшая их растворимость, биодоступность и тканевую специфичность.

**Ключевые слова:** ингибиторы изоцитратлиазы; фармацевтическая композиция; системы доставки лекарственных средств; наночастицы; терапия туберкулеза

**Introduction.** Tuberculosis continues to challenge global public health systems. Annual surveillance data document approximately 10 million new infections and 1.3 million deaths across all WHO regions. Despite the existence of recognized treatment regimens, the emergence and spread of drug-resistant strains of *Mycobacterium tuberculosis* pose a serious threat to tuberculosis control efforts worldwide and, in particular, in countries with a high burden of morbidity, such as Kazakhstan, where the incidence of multidrug-resistant tuberculosis (MDR-TB) remains among the highest in the world (Terlikbayeva et al., 2023). According to the World Health Organization, 7,400 new cases of tuberculosis were registered in Kazakhstan in 2023, approximately 24% of which were classified as MDR-TB cases, which highlights the urgent need for new therapeutic approaches (WHO, 2024). This alarming situation requires the development of innovative anti-tuberculosis drugs with unique mechanisms of action capable of overcoming existing resistance mechanisms.

Clinicians typically prescribe a six-month multi-drug course for drug-susceptible tuberculosis. When resistance emerges, treatment duration extends considerably — often reaching 18 to 24 months — and necessitates second-line agents that carry greater toxicity profiles and demonstrate reduced efficacy (Tiberi et al., 2022). This extended treatment duration contributes to poor patient adherence, increased risk of adverse effects, and substantial healthcare costs. *M. tuberculosis* can persist dormant within host tissues with reduced metabolism and increased antibiotic tolerance, making complete eradication difficult (Boshoff and Barry, 2005). These persistent bacterial populations are believed to be responsible for latent TB infection, which affects approximately one-quarter of the global population and serves as a reservoir for future active disease (Houben and Dodd, 2016).

Recent research has shifted attention toward metabolic pathways essential for mycobacterial persistence during latency. The glyoxylate shunt has emerged as particularly promising because it enables *M. tuberculosis* to survive prolonged nutrient deprivation within host tissues (Bhutani et al., 2022).

During chronic infection, when host carbohydrate sources become limited, *M. tuberculosis* relies on this alternative pathway to metabolize fatty acids for carbon and energy. Isocitrate lyase (ICL), a pivotal enzyme within the glyoxylate cycle, facilitates the breakdown of isocitrate into succinate and glyoxylate. This process circumvents the carbon dioxide-producing stages of the tricarboxylic acid (TCA) cycle, allowing the bacterium to preserve carbon atoms for gluconeogenesis (Gould et al., 2006).

The essential role of ICL in *M. tuberculosis* survival was demonstrated by McKinney and their team. Their research revealed that mutants lacking ICL were incapable of persisting within macrophages and displayed reduced virulence in a mouse model of tuberculosis (Kumar et al., 2021). Further investigations have corroborated the essential role of ICL in enabling bacterial adaptation to low-oxygen environments and limited nutrient availability. These conditions characterize the granulomatous lesions in which *M. tuberculosis* resides during long-term infection. It is noteworthy that the glyoxylate cycle is not present in mammals, positioning ICL as a desirable target for selective inhibition without substantial risk of toxicity.

**Джалмаханбетова Роза** — доктор химических наук, ассоциированный профессор, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан, E-mail: rjalmakhanbetova@gmail.com; <https://orcid.org/0000-0001-9937-275X>;

**Сейлханов Тулеген** — кандидат химических наук, профессор, Кокшетауский Университет имени Шокана Уалиханова, Кокшетау, Казахстан, E-mail: tseilkhanov@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0003-0079-4755>;

**Бакибаев Абдигали** — доктор химических наук, профессор, Томский государственный университет, Томск, Россия, E-mail: bakibaev@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-3335-3166>;

**Алиева Мадина** — PhD докторант, Карагандинский национальный исследовательский университет имени академика Е.А. Букетова, Караганда, Казахстан, E-mail: madina\_aliyeva\_1207@list.ru; <https://orcid.org/0000-0002-4046-311X>.

**Аннотация.** Природные алкалоиды растительного происхождения являются важными объектами исследований в органической и медицинской химии, поскольку их структурное разнообразие и выраженная биологическая активность позволяют получать новые фармакологически перспективные соединения. Химическая модификация алкалоидов один из эффективных способов улучшения их биологических свойств. Одним из перспективных соединений является изохинолиновый алкалоид сальсолин, обладающий различными видами биологической активности. В связи с этим направленная модификация его молекулы представляет значительный научный интерес. Целью исследования является синтез новых производных сальсолина путём реакций N-пропаргилирования по атому азота при различных температурных условиях, подтверждение их структуры и оценка биологической активности. Структуры синтезированных пропаргильных производных были подтверждены методами ЯМР-спектроскопии ( $^1\text{H}$  и  $^{13}\text{C}$ ), а также двумерными методами COSY

( $^1\text{H}$ - $^1\text{H}$ ) и НМҚС ( $^1\text{H}$ - $^{13}\text{C}$ ). Антирадикальная активность полученных соединений оценивалась *in vitro* с использованием стабильного свободного радикала 2,2-дифенил-1-пикрилгидразила. Установлено, что синтезированные производные обладают значительно более высокой антирадикальной активностью по сравнению с исходным соединением - сальсолином. Полученные результаты подтверждают, что целенаправленная химическая модификация молекулы позволяет существенно улучшить биологические свойства соединений. Новые производные демонстрируют потенциал для дальнейшего изучения в качестве фармакологически активных веществ. Таким образом, проведённые исследования формируют научную основу для разработки новых биологически активных молекул на основе алкалоидов и открывают перспективы для дальнейших исследований в области медицинской химии.

**Ключевые слова:** изохинолиновые алкалоиды, сальсолин, синтез, N-пропаргилирование, ЯМР спектроскопия, антирадикальная активность

**Кіріспе.** Өткен ғасырда дәрі-дәрмек ашудағы басты қозғаушы күштердің бірі – табиғи өнімдер мен олардың метаболиттерін химиялық тұрғыдан алуан түрлі бастапқы құрылыс блогы ретінде пайдалану болды. Алайда табиғи өнімдерді қолдану тек қана қазіргі заманмен шектелмейді, себебі дәстүрлі түрде қолданылатын шикі дәрілердің (емдік құралдардың) көбі өсімдіктен алынған экстрактілерден тұрады. Сонымен қатар, заманауи технологиялардың дамуы мен өсімдіктердегі табиғи биоактивті ингредиенттерді бөліп алу және анықтау мүмкіндігі зерттеушілерді оларды тағам мен нутрацевтикалық өнімдерде, сондай-ақ медицинада зерттеп, қолдануға ынталандырды. Құрылымы алуан түрлі және көптеп кездесетін табиғи алкалоидтар ғалымдардың назарын барған сайын көбірек аударып келеді. Бұл топқа қызығушылық табиғатта кеңінен таралуымен және фармакологиялық әсерлерінің кең спектрімен түсіндіріледі, мысалы: вирусқа қарсы, бактерияға қарсы, қант диабетіне қарсы, ойық жараға қарсы, седативтік, ұстамаға қарсы, ауырсынуды басатын, нейропротекторлық, қатерлі ісікке қарсы, антиоксиданттық, бауырды қорғайтын әсері және т.б.

**Әдеби шолу.** Қазақстан Республикасында биологиялық белсенді заттарды алу үшін ыңғайлы және жаңартылатын дәрілік өсімдіктердің үлкен ресурстары бар. *Salsola richteri* ең көп зерттелген, ол салсолидин мен сальсолин сияқты алкалоидтарды алу үшін шикізат болып табылады. Өсімдіктің құрамында 0,3 % сальсолин алкалоиды бар, оны тамыр ішіне енгізгенде 20–30 минутқа созылатын қан қысымының төмендеуін анықтайды. Артериосклероздық сипаттағы қатерсіз гипертензия жағдайларында қан қысымын ұзақ мерзімді төмендетуге болады. Бұл өсімдік артериосклероздық гипертензияда және қатерлі бүйрек гипертензиясында қолданылады, сонымен қатар бас айналуға да қарсы препарат ретінде көрсетілген. *Salsola* туысының фитохимиялық құрамы мен биологиялық әсерлері бойынша зерттеулер әдебиеттерде кездеседі (Murshid, 2022). *Salsola* L. туысы (орыс арамшөбі, тұзды шөп) тұзға төзімді өсімдіктерді қамтиды және *Amaranthaceae* тұқымдасының ең ірі туысының бірі болып саналады.

Кейбір ғалымдардың зерттеулерінде сальсолин алкалоидының модификациясы арқылы жаңа биологиялық белсенді қосылыстарды синтездеуде алкалоидқа гетероцикл енгізу арқылы фармакологиялық сынақтар үшін перспективалы туындылар алынады. Мысалы, сальсолин аллилизотиоцианатпен реакцияға түсіріп, содан кейін концентрлі HCl көмегімен ішкі молекулалық гетероциклизация арқылы 1,3-тиазолин туындысы синтезделді. Бұл әдіс сальсолиннің гипотензивті қасиеттерін пайдаланып, жаңа жүрек-қан тамыр препараттарын іздеуге мүмкіндік берді. Бұл жұмыс тиазол гетероциклінің алкалоид туындыларына енгізілуін қамтиды, бұл қосылыстардың биологиялық белсенділігін арттыруға бағытталған жұмыс болып табылады (Kulakov, 2015). Келесі зерттеуде сальсолиннің  $^1\text{H}$  және  $^{13}\text{C}$  ядроларының химиялық ығысуы мәндерінің шамасы бойынша  $\alpha$ - және  $\gamma$  циклодекстриндермен супрамолекулалық өздігінен жинауы алкалоид жағынан да, циклодекстриндер жағынан да гидроксильді топтардың молекулааралық өзара әрекеттесуі (сыртқы) әсерлердің көмегінсіз-ақ, кешендердің пайда болуын, түзілген суда еритін агрегаттар субстрат молекуласын инклюзивтік емес кешен құру арқылы солюбилизациялауға қабілетті екенін қарастырған (Nurkenov, 2019). Зерттеушілер компьютерлік модельдеу (in silico зерттеулер) көмегімен төрт табиғи қосылыс – сальсолин туындылары, генистеин, кой қышқылының жартылай синтетикалық туындысы және нарингенин – тековиримат препаратына қарағанда маймыл шешек (monkeurox virus) вирусының жоғары байланыс қабілетін көрсетіп, қосылыстар вирустың перспективті потенциалды ингибиторлары ретінде қарастырылған (Mollaei, 2021). Авторлар табиғи терпеноидтар, оның ішінде сесквитерпенді лактондармен сальсолинді екіншілік аминдер ретінде қарастырып, Михаэль типті қосылу өнімдерін алған (Klochkov, 2011). Зерттеушілер бірқатар алкалоидтардың, оның ішінде сальсолиннің хиноксолинді туындыларын синтездеген (Postnikov, 2010).

Қазіргі уақытта сальсолин және оның туындылары жоғары потенциалды белсенділікті ескере отырып, сальсолин туындылары арасында жаңа препараттарды алу реакциясын іздеуге бағытталған көптеген зерттеулер жүргізілуде.

Бұл жұмыстың мақсаты азот атомында функционалды модификациялау арқылы сальсолиннің жаңа туындыларын синтездеу және олардың биологиялық белсенділігін зерттеу болып табылады.

**Материалдар және негізгі әдістер.** Материалдар: Сальсолин гидрохлориді, тазалығы 98,0%, пропаргил бромиді, тазалығы  $\geq 80,0\%$ , N, N-диметилформамид, тазалығы  $\geq 99,9\%$ , калий карбонаты тазалығы  $\geq 99,5\%$ , (Sigma-Aldrich). Барлық бастапқы заттар талдамалық сапада болды және алдын ала өңдеусіз қолданылды.

Жұқа қабатты хроматография талдауы (ЖҚХ) Silufol UV-254 пластинкаларында жүргізілді, хроматограммалар йод буы арқылы бақыланды.  $^1\text{H}$  және  $^{13}\text{C}$  ЯМР спектрлері  $\text{CDCl}_3$  еріткішінде JNM-ECA Jeol 400 спектрометрінде (жиіліктері тиісінше 399,78 және 100,53 МГц) тіркелді. Химиялық ығысулар дейтерленген еріткіште қалдық протон немесе көміртек атомдарының сигналдарына қатысты өлшенді.


7-метокси-1-метил-2-(проп-2-ин-1-ил)-1,2,3,4-тетрагидроизохинолин-6-ол (1).

Дөңгелек түпті колбада мұз моншасында салқындалатын диметилформамидте ерітілген сальсолиннің гидрохлоридіне (0,3 гр, 1,55 ммоль) баяу тамшылату арқылы пропаргил бромиді (2 гр, 1,2 ммоль) және артық мөлшерде калий карбонаты (0,43 гр, 2 ммоль) қосылды. Реакциялық қоспа бөлме температурада 12 сағат бойы магниттік араластырғышта ұсталды. Синтездің барысы ЖҚХ әдісі арқылы бақыланды. Реакция аяқталғаннан кейін реакциялық қоспа этилацетатпен және дистилденген сумен өңделді. Реакциялық қоспаға натрий хлоридінің қаныққан ерітіндісі (тұзды ерітінді) қосылып, этилацетатпен экстракцияланды. Органикалық қабат бөлініп алынып, біріктірілген соң,  $MgSO_4$  қатысында кептіріліп, айналмалы буландырғыш арқылы еріткіштен бөлініп алынды. Өнімді таза алу үшін бағаналы хроматография әдісі қолданып, элюент ретінде хлороформ пайдаланып тазаланды. Нәтижесінде сары түсті ұнтақ зат (1) бөлініп алынды. Шығымы – 0,27 гр (90 %).

5-(2-(ди) проп-2-ин-1-ил) амино) этил)-2-метокси-4-винилфенол (2).


Дөңгелек түпті колбада мұз моншасында салқындалатын диметилформамидте ерітілген сальсолиннің гидрохлоридіне (0,3 гр, 1,55 ммоль) баяу тамшылата отырып пропаргил бромиді (2 гр, 1,2 ммоль) және артық мөлшерде калий карбонаты (0,43 гр, 2 ммоль) қосылды. Реакциялық қоспа  $80^{\circ}C$  температурада 12 сағат бойы магниттік араластырғышта ұсталды. Синтездің барысы ЖҚХ әдісі арқылы бақыланды. Реакция аяқталғаннан кейін реакциялық қоспа этилацетатпен және дистилденген сумен сұйылтылды. Реакциялық қоспаға натрий хлоридінің қаныққан ерітіндісі (тұзды ерітінді) қосылып, органикалық еріткіш этилацетатпен экстракцияланды. Органикалық қабат кептіргіште ( $MgSO_4$ ) кептірілді, фильтрленді, айналмалы буландырғыш айдалды. Қалдық бағаналы хроматографияда элюент ретінде хлороформды қолданып хроматографияланды. Сонда ашық сарғыш түсті ұнтақ зат (2) бөлінді. Шығымы – 0,25 гр (87 %).

**Нәтижелер.** Сальсолиннің жаңа туындыларын алу мақсатында субстрат пропаргил бромидпен әрекеттестірілді. Реакция екі түрлі жағдайда жүргізілді. Нәтижесінде сальсолиннің жаңа пропаргил туындылары 7-метокси-1-метил-2-(проп-2-ин-1-ил)-1,2,3,4-тетрагидроизохинолин-6-ол (1) және 5-(2-(ди) проп-2-ин-1-ил) амино) этил)-2-метокси-4-винилфенол (2) синтезделді (1-сызба).




1-сызба – Сальсолин туындыларының синтезі

Синтезделіп алынған жаңа өнімдер 1–2 жақсы кристалданатын ашық-сары ұнтақтар болып табылады, органикалық еріткіштерде орташа еритін қосылыстар. 1-қосылыстың  $^1\text{H}$  және  $^{13}\text{C}$  ЯМР спектрлері (1,2-суреттер) JNM-ECA Jeol 400 спектрометрінде (сәйкесінше 399.78 және 100.53 МГц жиіліктерде)  $\text{CDCl}_3$  еріткіші қолданыла отырып түсірілді. Химиялық ығысулар дейтерленген еріткіштің қалдық протондарының немесе көміртегі атомдарының сигналдарына қатысты өлшенді.



Сурет 1– Қосылыстың (1)  $^1\text{H}$  ЯМР спектрі


1-қосылыстың  $^1\text{H}$  ЯМР спектрінде алифаттық циклдің метил протондары Н-14,14,14 үшпротондық мультиплет ретінде 1.35-1.36 м.д. мәнінде көрінді. Пропинил фрагментінің Н-13 протоны бірпротондық синглет ретінде 2.21 м.д. мәнінде тіркелді. Пропинил фрагментінің метилен протондары Н-11ах және Н-11еқ екі дублет ретінде сәйкесінше 3.46 және 3.62 м.д. мәнінде  $^2\text{J}$  17.2 Гц көрінді. Тетрагидроизохиолин фрагментінің метилен протондары Н-3ах, Н-3еқ, Н-2ах және Н-2еқ бірпротондық мультиплеттер ретінде сәйкесінше 2.65-2.67, 2.73-2.77, 2.85-2.91 және 2.97-3.01 м.д. мәнінде тіркелді. Тетрагидроизохиолин фрагментінің метин протоны Н-6 бірпротондық мультиплет ретінде 3.88-3.91 м.д. мәнінде көрінді. Ароматтық протондар Н-10,7 екіпротондық синглет ретінде 6.56 м.д. мәнінде көрінді. Метокси протондар Н-17,17,17 үшпротондық синглет ретінде 3.80 м.д. мәнінде көрінді. Гидроксил протондары Н-15 кеңейтілген бірпротондық синглет ретінде 5.99 м.д. мәнінде тіркелді.



Сурет 2 – Қосылыстың (1)  $^{13}\text{C}$  ЯМР спектрі

1-қосылыстың  $^{13}\text{C}$  ЯМР спектрінде пропирил фрагментінің көміртек атомдарының сигналдары 43.38 (C-11), 72.98 (C-13) және 79.39 (C-12) м.д. мәнінде көрінді. Тетрагидроизохинолин фрагментінің көміртек атомдары 27.50 (C-3), 46.56 (C-2), 55.24 (C-6), 109.33 (C-10), 114.38 (C-7), 126.77 (C-4), 130.75 (C-5), 143.97 (C-9) және 145.28 (C-8) м.д. мәнінде көрінді. Метил көміртек атомы C-14 20.57 м.д. мәнінде көрінді. Метокси көміртек атомы C-17 56.04 м.д. мәнінде резонанстық көрінді.

1-қосылыстың құрылымы сондай-ақ COSY ( $^1\text{H}$ - $^1\text{H}$ ), HMQC ( $^1\text{H}$ - $^{13}\text{C}$ ) және HMBC ( $^1\text{H}$ - $^{13}\text{C}$ ) екіөлшемді ЯМР спектроскопиясының әдістерімен расталды, бұл гомо- және гетероядролық спин-спин өзара әрекеттерін анықтауға мүмкіндік береді. Молекуладағы бақыланған COSY ( $^1\text{H}$ - $^1\text{H}$ ) және HMQC ( $^1\text{H}$ - $^{13}\text{C}$ ) ЯМР корреляциялары 3 – суретте көрсетілген.



Сурет 3 – Қосылыстың (1) COSY (а), HMQC (б) және HMBC (с) спектрлеріндегі корреляциялық үлгі


1-қосылыстың  $^1\text{H}$ - $^1\text{H}$  COSY спектрлерінде қосылыстың көрші метилен-метилен және метин-метилен топтарының протондарының үш байланыс арқылы спин-спин корреляциялары бақыланады: групп  $\text{H}^{13}\text{-H}^{11\text{ax}}$  (2.20, 3.46 и 3.46, 2.20),  $\text{H}^{13}\text{-H}^{11\text{eq}}$  (2.20, 3.62 и 3.62, 2.20),  $\text{H}^{14}\text{-H}^6$  (1.34, 3.90 и 3.90, 1.34),  $\text{H}^{11\text{ax}}\text{-H}^{11\text{eq}}$  (3.45, 3.61 и 3.61, 3.45) м.д.

Протондардың көміртек атомдарымен бір байланыс арқылы гетероядролық өзара әрекеттері  $^1\text{H}$ - $^{13}\text{C}$  HMQC спектроскопиясының көмегімен қосылыстағы келесі жұптар үшін анықталды:  $\text{H}^{14}\text{-C}^{14}$  (1.35, 20.39),  $\text{H}^{3\text{ax}}\text{-C}^3$  (2.62, 27.65),  $\text{H}^{3\text{eq}}\text{-C}^3$  (2.79, 27.64),  $\text{H}^{2\text{ax}}\text{-C}^2$  (2.85, 46.66),  $\text{H}^{2\text{eq}}\text{-C}^2$  (2.99, 46.68),  $\text{H}^{11\text{ax}}\text{-C}^{11}$  (3.45, 43.31),  $\text{H}^{11\text{eq}}\text{-C}^{11}$  (3.62, 43.31),  $\text{H}^{17}\text{-C}^{17}$  (3.79, 56.20),  $\text{H}^6\text{-C}^6$  (3.90, 55.12),  $\text{H}^7\text{-C}^7$  (6.55, 114.33),  $\text{H}^{10}\text{-C}^{10}$  (6.55, 109.40) м.д.

Протондардың көміртек атомдарымен екі және одан көп байланыс арқылы гетероядролық өзара әрекеттері  $^1\text{H}$ - $^{13}\text{C}$  HMBC спектроскопиясының көмегімен қосылыстағы келесі жұптар үшін анықталды:  $\text{H}^{14}\text{-C}^6$  (1.34, 55.13),  $\text{H}^{14}\text{-C}^5$  (1.34, 130.70);  $\text{H}^{11\text{ax}}\text{-C}^2$  (3.46, 46.46),  $\text{H}^{11\text{ax}}\text{-C}^6$  (3.46, 55.13),  $\text{H}^{11\text{ax}}\text{-C}^{13}$  (3.46, 73.06),  $\text{H}^{11\text{ax}}\text{-C}^{12}$  (3.46, 79.11);  $\text{H}^{11\text{eq}}\text{-C}^2$  (3.61, 46.46),  $\text{H}^{11\text{eq}}\text{-C}^6$  (3.61, 55.13),  $\text{H}^{11\text{eq}}\text{-C}^{13}$  (3.61, 73.06),  $\text{H}^{11\text{eq}}\text{-C}^{12}$  (3.61, 79.11);  $\text{H}^{10}\text{-C}^9$  (6.55, 144.23),  $\text{H}^{10}\text{-C}^5$  (6.55, 131.51),  $\text{H}^{10}\text{-C}^4$  (6.55, 126.87),  $\text{H}^{10}\text{-C}^6$  (6.55, 55.33),  $\text{H}^{10}\text{-C}^3$  (6.55, 27.32) м.д. 2-қосылыстың  $^1\text{H}$  және  $^{13}\text{C}$  ЯМР спектрлері (4,5-суреттер) JNM-ECA Jeol 400 спектрометрінде (сәйкесінше 399.78 және 100.53 МГц жиіліктерде)  $\text{CDCl}_3$  еріткіші қолданыла отырып түсірілді.


Химиялық ығысулар дейтерленген еріткіштің қалдық протондарының немесе көміртек атомдарының сигналдарына қатысты өлшенді.

2-қосылыстың  $^1\text{H}$  ЯМР спектрі дипропинил фрагментінің ацетилендік протондары Н-15,20 екі протонды синглет сигнал ретінде 2,25 м.д. шегінде көрсетілді. Дипропинил фрагментінің метилендік протондары Н-13,13 және Н-18,18 төрт протонды синглет ретінде 3,51 м.д. шегінде тіркелді. N-этилдік фрагменттің метилендік протондары Н-10ах,11ах,10еқ,11еқ төрт протонды мультиплет ретінде 2,71-2,80 м.д. шегінде көрінді.



Сурет 4 – Қосылыстың (2)  $^1\text{H}$  ЯМР спектрі


Этилендік протондар Н-17а және Н-17б екі бір протонды дублет ретінде тіркелді: Н-17а — 5,19 м.д. жерінде  $^3J = 10,4$  Гц мәнімен және Н-17б — 5,52 м.д. жерінде  $^2J = 17,2$  Гц мәнімен сәйкесінше ароматикалық протон Н-3 бір протонды синглет ретінде 6,74 м.д. шегінде көрсетілді. Басқа ароматикалық протон Н-6 этилендік протон Н-16 бірге екі протонды мультиплет ретінде 6,91-6,99 м.д. шегінде тіркелді. Метоксипротондары Н-8,8,8 үш протонды синглет ретінде 3,89 м.д. шегінде көрінді. Гидроксилдік протондар Н-9 кеңейтілген бір протонды синглет ретінде 5,72 м.д. шегінде тіркелді.



Сурет 5 – Қосылыстың (2)  $^{13}\text{C}$  ЯМР спектрі

2-қосылыстың  $^{13}\text{C}$  ЯМР спектрінде дипропил фрагментінің көміртек атомдарының сигналдары 42,27 (C-13,18), 73,39 (C-15,20) және 78,66 (C-14,19) м.д. шегінде көрсетілді. Этилдік көміртек атомдары 30,94 және 54,37 м.д. шегінде тіркелді. Этилендік көміртек атомдары 113,41 (C-17) және 134,14 (C-16) м.д.

шегінде көрсетілді. Метоксикөміртек атомы C-8 56,05 м.д. шегінде резонанс жасады. Ароматикалық көміртек атомдары 107,93 (C-6), 116,03 (C-3), 128,58 (C-4), 130,59 (C-5) және 145,53 (C-1,2) м.д. шегінде тіркелді. 2-қосылыстың құрылымы COSY ( $^1\text{H}$ - $^1\text{H}$ ), HMQC ( $^1\text{H}$ - $^{13}\text{C}$ ) және HMQC ( $^1\text{H}$ - $^{13}\text{C}$ ) сияқты екіөлшемді ЯМР спектроскопия әдістерімен де расталды, олар гомо- және гетероядролық спин-спин өзара әрекеттесулерді анықтауға мүмкіндік береді. Молекулада байқалған COSY ( $^1\text{H}$ - $^1\text{H}$ ) және HMQC ( $^1\text{H}$ - $^{13}\text{C}$ ) ЯМР корреляциялары 6 – суретте көрсетілген.



Сурет 6 – 2-қосылыстың COSY (а), HMQC (б) және HMQC (с) спектрлеріндегі корреляциялық үлгі

2-қосылыстың  $^1\text{H}$ - $^1\text{H}$  COSY спектрінде көршілес метилен-метилен және метин-метилен мен метин-метин топтарының  $\text{H}^{10\text{ax},11\text{ax}}-\text{H}^{10\text{eq},11\text{eq}}$  үш протон байланысы арқылы спин-спин корреляциялары байқалады  $\text{H}^{10\text{ax},11\text{ax}}-\text{H}^{10\text{eq},11\text{eq}}$  (2.68, 2.78 и 2.78, 2.68),  $\text{H}^{15,20}-\text{H}^{13,18}$  (2.25, 3.51 и 3.51, 2.25),  $\text{H}^{17\text{a}}-\text{H}^{16}$  (5.18, 6.94 и 6.94, 5.18),  $\text{H}^{17\text{b}}-\text{H}^{16}$  (5.52, 6.91 и 6.94, 5.52) м.д.

2-қосылыстағы келесі жұптар үшін  $^1\text{H}$ - $^{13}\text{C}$  HMQC спектроскопиясы арқылы протон мен көміртек атомдары арасындағы бір байланыс арқылы гетероядролық өзара әрекеттесулер анықталды:  $\text{H}^{10\text{ax}}-\text{C}^{10}$  (2.69, 31.02),  $\text{H}^{10\text{eq}}-\text{C}^{10}$  (2.78, 31.04),  $\text{H}^{11\text{ax}}-\text{C}^{11}$  (2.69, 54.36),  $\text{H}^{11\text{eq}}-\text{C}^{11}$  (2.78, 54.43),  $\text{H}^{13,18}-\text{C}^{13,18}$  (3.50, 42.29),  $\text{H}^8-\text{C}^8$  (3.88, 56.06),  $\text{H}^{17\text{a}}-\text{C}^{17}$  (5.18, 113.52),  $\text{H}^{17\text{b}}-\text{C}^{17}$  (5.53, 113.52),  $\text{H}^{16}-\text{C}^{16}$  (6.94, 134.02),  $\text{H}^3-\text{C}^3$  (6.74, 115.92),  $\text{H}^6-\text{C}^6$  (6.99, 107.97) м.д.

2-қосылыстағы келесі жұптар үшін протон мен көміртек атомы арасындағы екі немесе одан да көп байланыс арқылы гетероядролық өзара әрекеттесулер  $^1\text{H}$ - $^{13}\text{C}$  HMQC спектроскопиясы арқылы анықталды:  $\text{H}^{10\text{eq}}-\text{C}^{11}$  (2.77, 54.19);  $\text{H}^{13,18}-\text{C}^{11}$  (3.50, 54.76),  $\text{H}^{13,18}-\text{C}^{15,20}$  (3.50, 73.66),  $\text{H}^{13,18}-\text{C}^{19,14}$  (3.50, 78.76);  $\text{H}^8-\text{C}^1$  (3.88, 145.49);  $\text{H}^{17\text{a}}-\text{C}^4$  (5.18, 128.48);  $\text{H}^{17\text{b}}-\text{C}^4$  (5.62, 128.68);  $\text{H}^3-\text{C}^1$  (6.74, 145.49),  $\text{H}^3-\text{C}^{10}$  (6.74, 31.13),  $\text{H}^3-\text{C}^4$  (6.74, 128.67);  $\text{H}^6-\text{C}^4$  (6.99, 145.69) м.д.

Ұсынылған үлгілердің антирадикалды әсерін *in vitro* жағдайында 2,2-дифенил-1-пикрилгидразил (ДФПГ) еркін радикалын ингибирлеу қабілеті бойынша бағаланды. Зерттеу Brand-Williams және т.б. (1995) ұсынған кейбір өзгертулер енгізілген әдістеме негізінде жүргізілді. Зерттелетін үлгілердің антирадикалды белсенділігін тұрақты еркін радикал 2,2-дифенил-1-пикрилгидразил (ДФПГ)-мен жүргізілген тесті арқылы бағаланды. Жұмыс ерітіндісі ретінде 100 мкМ (0,1 мМ) концентрациядағы этанолдағы ДФПГ ерітіндісін қолданды. Алғашқы скрининг үшін 1980 мкл 100 мкМ этанолдық ДФПГ ерітіндісін 20 мкл зерттелетін заттың этанолдағы 10 мг/мл концентрациядағы ерітіндісімен араластырды.

**Талқылау.** Осылайша, реакциялық қоспадағы зерттелетін заттың соңғы концентрациясы 100 мкг/мл болды. Зерттелетін қосылыстың ерітіндісін ДФПГ-радикал ерітіндісіне қосқаннан кейін 10 минуттан соң реакциялық қоспаның оптикалық тығыздығын 515 нм толқын ұзындығында спектрофотометриялық әдіспен өлшеді.

Оптикалық тығыздықты 50 %-дан артық төмендеткен заттар үшін толық доза-тәуелділік қисығын алу мақсатында қосылыстарды реакциялық қоспадағы соңғы концентрациялары 10, 25, 50, 75 және 100 мкг/мл болатын сериялық сұйылтуларда зерттеді. Қосылыстың ДФПГ-радикалдың оптикалық тығыздығын 50 %-ға төмендететін концентрациясын ( $IC_{50}$ ) графикалық әдіспен немесе регрессиялық талдау арқылы анықтады. Барлық өлшеулер үш қайталанымда жүргізілді. Нәтижелер орташа мән  $\pm$  стандартты ауытқу түрінде берілді. Зерттелетін қосылыстардың антирадикалдық белсенділігіне скрининг жүргізу нәтижелері 1-кестеде келтірілген.


Кесте 1 – 100 мкг/мл соңғы концентрациядағы сынама затымен 10 минут инкубациядан кейінгі 100  $\mu$ М ДФПГ радикалды ерітіндісінің оптикалық тығыздық мәндері

№	Қосылыстың атауы	Оптикалық тығыздық
1	7-метокси-1-метил-2-(проп-2-ин-1-ил)-1,2,3,4-тетрагидроизохинолин-6-ол	0,229
2	5-(2-(ди проп-2-ин-1-ил) амино) этил)-2-метокси-4-винилфенол	0,599
	Бақылау (сынама үлгісі жоқ ДФПГ ерітіндісі)	1,324

1-кестеден көрініп тұрғандай, 1 және 2 қосылыстар ДФПГ – радикалын едәуір ингибирлеу қабілетін көрсетті және осы тест-жүйесінің жағдайында одан әрі зерттеуге перспективті болып табылады. Екінші серия эксперименттерде біз 1 және 2 қосылыстарының әртүрлі концентрацияларда (10-нан 100 мкг/мл-ге дейін) ДФПГ – радикалмен өзара әрекеттесу қабілетін зерттедік (2,3 – кестелер).

Кесте 2 – 1-затпен 10 минут инкубациядан кейінгі 100 $\mu$ М ДФПГ ерітіндісінің оптикалық тығыздық мәндері

№	Реакция қоспасындағы концентрация мкг/мл	Оптикалық тығыздық
1	100	0,229
2	75	0,568
3	50	0,702
4	25	1,001
5	10	1,143
	Бақылау (сынама үлгісі жоқ ДФПГ ерітіндісі)	1.225




Сурет 7 – 1 – қосылыстың калибрлеу сызығы

Салынған калибрлеу қисығының (7-сурет) көмегімен оптикалық тығыздығы 100  $\mu\text{M}$  ДФПГ радикалды ерітіндісі 1 – қосылыстың концентрациясы 50% төмендетуге қабілетті екені анықталды. 1 – қосылыс үшін  $\text{IC}_{50}$  ДФПГ 63,5 мкг/мл тең болды.

Кесте 3 – 2-затпен 10 минут инкубациядан кейінгі 100 $\mu\text{M}$  ДФПГ ерітіндісінің оптикалық тығыздық мәндері

№	Реакция қоспасындағы концентрация мкг/мл	Оптикалық тығыздық
1	100	0,599
2	75	0,689
3	50	0,845
4	25	1,068
5	10	1,207
	Бақылау (сынама үлгісі жоқ ДФПГ ерітіндісі)	1.225



Сурет 8 – 2 – қосылыстың калибрлеу сызығы

Салынған калибрлеу қисығының (8-сурет) көмегімен оптикалық тығыздығы 100  $\mu\text{M}$  ДФПГ радикалды ерітіндісі 2 – қосылыстың концентрациясы 50% төмендетуге қабілетті екені анықталды. 2 – қосылыс үшін  $\text{IC}_{50}$  ДФПГ 90,4 мкг/мл тең болды.

ДФПГ-радикалына қарсы зерттелген үлгілердің антирадикалды белсенділігі бағаланды. Жүргізілген зерттеу нәтижелері бойынша, 1 және 2 үлгілері аталған тест-жүйесінде ең жоғары антирадикалды белсенділік көрсетті. 1-үлгі үшін  $IC_{50}$ (ДФПГ) мәні 63,5 мкг/мл құрады, бұл 100  $\mu$ M ДФПГ-радикалы ерітіндісінің оптикалық тығыздығын 50%-ке төмендету үшін қажетті концентрацияны білдіреді. 2-үлгі үшін бұл көрсеткіш 90,4 мкг/мл болды.

Алынған нәтижелерді салыстырғанда, 1-үлгі 2-үлгімен салыстырғанда айтарлықтай жоғары антирадикалды белсенділікке ие екендігі анықталды. 1-үлгінің  $IC_{50}$  мәні 2-үлгінің  $IC_{50}$  мәнінен шамамен 30%-ке төмен болып, бұл 1-үлгінің ДФПГ радикалын бейтараптандыруда тиімдірек екендігін көрсетеді. Қорытындылай келе, зерттелген үлгілер ішінде 1-қосылыс ең перспективті антирадикалды агент болып табылады және болашақ зерттеулер үшін негізгі зат ретінде ұсынылады.

Азот атомында пропаргил тобының енгізілуі қосылыстардың антирадикалды қасиеттеріне айтарлықтай әсер етеді. sp-гибридтелген көміртегі бар ацетилен бөлігінің болуы молекуладағы электрон тығыздығының қайта бөлінуіне ықпал етуі мүмкін, бұл өз кезегінде қосылыстардың бос радикалдармен әрекеттесу қабілетіне әсер етеді.

Сонымен қатар, пропаргил тобы конъюгация арқылы аралық радикал түрлерін тұрақтандыруға қатыса алады, бұл антиоксиданттық белсенділікті арттыруы мүмкін. Реакция орталығының қолжетімділігіне әсер ететін ықтимал стерикалық әсерлерді де ескеру қажет.

Осылайша, азот атомында сальсолинді пропаргил алмастырғышымен модификациялау жақсартылған антирадикалды қасиеттері бар қосылыстар жасаудың перспективалы бағытын білдіреді.

**Қорытынды.** Зерттеу нәтижесінде салсолиннің жаңа пропаргил туындылары алынды. Алғаш рет синтезделген қосылыстардың *in vitro* жағдайында антирадикалды белсенділігі бар екені анықталды. Дегенмен, аталған туындылардың молекулалық әсер ету механизмдерін және мүмкін уыттылығын нақтылау үшін қосымша зерттеулер қажет. Статистикалық талдау нәтижелері зерттеу шарттары арасында маңызды айырмашылықтардың барын көрсетті. Зерттеу барысында бірқатар факторлардың өлшенетін көрсеткіштерге әсер ететіні анықталды, бұл деректер одан әрі жұмыстар мен қолданбалы зерттеулер үшін құнды болуы мүмкін. Нәтижелер зерттелетін параметрлерде айтарлықтай вариабельділік бар деген гипотезаны растайды.

Алынған нәтижелер зерттеу жүргізілген сала үшін практикалық маңызға ие. Оларды шешім қабылдау, процестерді оңтайландыру немесе қызмет сапасын жақсарту үшін пайдалануға болады. Алынған нәтижелерге сүйене отырып, қосымша зерттеулер үшін бірқатар ұсыныстар беруге болады. Бұл белгілі бір факторлардың әсерін тереңірек талдауды, үлгіні кеңейтуді немесе басқа талдау әдістерін қолдануды қамтуы мүмкін.

Сонымен, жүргізілген зерттеу шарттар арасындағы статистикалық маңызды айырмашылықтарды анықтады, бұл оның зерттелетін сала үшін құндылығы мен

маңыздылығын растайды. Алынған тұжырымдар негізделген шешімдер қабылдау және зерттеудің осы бағытын одан әрі дамыту үшін пайдаланылуы мүмкін. Қорытындылай келе, бұл мақала алкалоидтардың фармакологиялық қасиеттерін зерттеуге маңызды үлес қосады және осы саладағы қосымша зерттеулерге негіз бола алады.

### References

- Chebaibi M., Bourhia M., Amrati F.E.Z., Slighoua M., Mssillou I., Aboul-Soud M.A., & Daoud R. (2024) Salsoline derivatives, genistein, semisynthetic derivative of kojic acid, and naringenin as inhibitors of A42R profilin-like protein of monkeypox virus: in silico studies. *Frontiers in Chemistry*, 12. — 1445606 p. <https://doi.org/10.3389/fchem.2024.1445606>. (in Eng.)
- ElNaggar M.H., Abdelmohsen U.R., Bar F.M.A., Kamer A.A., Bringmann G., & Elekhawy E. (2024) Investigation of bioactive components responsible for the antibacterial and anti-biofilm activities of *Caroxylon volkensii* by LC-QTOF-MS/MS analysis and molecular docking. *RSC advances*, 14(16). — P. 11388-11399. <https://doi.org/10.1039/D4RA01646G>. (in Eng.)
- ElNaggar M.H., Eldehna W.M., Abourehab M.A., & Abdel Bar F.M. (2022) The old world salsola as a source of valuable secondary metabolites endowed with diverse pharmacological activities: a review. *Journal of Enzyme Inhibition and Medicinal Chemistry*, 37(1). — P. 2036-2062. <https://doi.org/10.1080/14756366.2022.2102005>. (in Eng.)
- Grover P., Rohilla S., Bhardwaj M., Mehta L., & Malhotra A. (2023) Piperidine nucleus as a promising scaffold for alzheimer's disease: current landscape and future perspective. *Current Topics in Medicinal Chemistry*, 23(13). — P. 1221-1259. <https://doi.org/10.2174/15680266230406084315>. (in Eng.)
- Ibrayev M.K., Nurkenov O.A., Rakhimberlinova Z.B., Takibayeva A.T., Palamarchuk I.V., Turdybekov D.M., ... & Kulakov I.V. (2022) Synthesis, structure and molecular docking of new 4, 5-dihydrothiazole derivatives based on 3, 5-dimethylpyrazole and cytosine and salsoline alkaloids. *Molecules*, 27(21). — 7598 p. <https://doi.org/10.3390/molecules27217598>. (in Eng.)
- Klochkov S.G., Afanas'eva S.V., Ermatova A.B. et al. Modification of alantolactones by natural alkaloids. *Chem Nat Compd* 47. — P. 716–725 (2011). <https://doi.org/10.1007/s10600-011-0043-x>. (in Eng.)
- Kulakov I.V. (2015) Synthesis and Intramolecular Heterocyclization of the N-Allylthiocarbamide of the Alkaloid Salsoline. *Chem Nat Compd* 51. — P. 1204–1205. <https://doi.org/10.1007/s10600-015-1534-y>. (in Eng.)
- Koval'skaya A.V., Gil'mutdinov, A. R., Lobov, A. N., Tsypysheva, I. P., & Yunusov, M. S. (2025). (+)-Salsolidine in Synthesis of 5, 6-Dihydropyrrolo [2, 1-a] Isoquinolines. *Chemistry of Natural Compounds*, 61(3). — P. 520-524. <https://doi.org/10.1007/s10600-025-04690-7>. (in Eng.)
- Mollaei S. (2021) Metabolic Profiling and Inhibitory Properties of Different Parts of Salsola Vermiculata Towards Acetylcholinesterase and  $\alpha$ -glucosidase. *Research Square (Research Square)*. <https://doi.org/10.21203/rs.3.rs-923017/v1>. (in Eng.)
- Murshid S.S., Atoum D., Abou-Hussein D.R., Abdallah H.M., Hareeri R.H., Almkadi H., & Edrada-Ebel R. (2022) Genus Salsola: Chemistry, biological activities and future prospective—A review. *Plants*, 11(6). — 714 p. <https://doi.org/10.3390/plants11060714>. (in Eng.)
- Nurkenov O.A., Fazylov S.D., Nurmaganbetov Z.S., Seilkhanov T.M., Seidakhmetova R.B., Muldakhmetov Z.M., & Gazaliev A.M. (2023) Synthesis and Antimicrobial Activity of Phthalide Derivatives of Cytosine, Anabesine, and Salsoline. *Chemistry of Natural Compounds*, 59(6). — 1147-1150 p. <https://doi.org/10.1007/s10600-023-04213-2>. (in Eng.)
- Nurkenov O.A., Seilkhanov T.M., Fazylov S.D., Issayeva A.Zh., Seilkhanov O.T. (2019) Obtaining and research of the supramolecular complexes of alkaloid salsoline with cyclodextrins by NMR spectroscopy. *Academic Scientific Journal of Chemistry*, (1). — P. 64-69. <https://doi.org/10.32014/2019.2518-1491.9>. (in Eng.)
- Palamarchuk I.V., Ogurtsova D.N., Seilkhanov T.M., & Kulakov I.V. (2019) Synthesis of N-derivatives of cytosine, anabesine, and salsoline alkaloids with pharmacophore 3-aminopyridine-2 (1 H)-one and

5-methyl-7-phenyloxazole [5, 4-b] pyridine cycles. *Russian Journal of General Chemistry*, 89(12), 2487-2491. <https://doi.org/10.1134/S1070363219120259>. (in Eng.)

Postnikov L.S. Quinoxaline derivatives of severalalkaloids. *Chem Nat Compd* 46. — P. 72–74 (2010). <https://doi.org/10.1007/s10600-010-9528-2>. (in Eng.)

Selim D.A., Shawky E., Ghareeb D.A., Abdulmalek S.A., & El-Khair R.M.A. (2023) Comparative metabolomics of the different fractions of two saltwort (*Salsola L.*) species in relation to their anti-inflammatory activity. *Food Bioscience*, 51. — 102306 p.<https://doi.org/10.1016/j.fbio.2022.102306>. (in Eng.)

Voon S.M., Ng K.Y., Chye S.M., Ling A.P., Voon K.G.L., Yap Y.J., & Koh R.Y. (2020) The mechanism of action of salsolinol in brain: implications in Parkinson's disease. *CNS & Neurological Disorders-Drug Targets-CNS & Neurological Disorders*, 19(10). — P. 725-740. <https://doi.org/10.2174/1871527319666200902134129>. (in Eng.)

ACADEMIC SCIENTIFIC JOURNAL OF CHEMISTRY

ISSN 2224–5286

Volume 1.

Number 466 (2026), 267–279

<https://doi.org/10.32014/2026.2518-1491.354>

IRSTI 31.25.19

UDC 547.885+66.084.8

© **Muldakhmetov Z.M., Zhakina A.Kh.\* , Arnt O.V., Vassilets Ye.P.,  
Zhakin A.M., 2026.**

LLP «Institute of Organic Synthesis and Coal Chemistry of the Republic of  
Kazakhstan», Karaganda, Kazakhstan.

E-mail: [alzhakina@mail.ru](mailto:alzhakina@mail.ru)

## COMPOSITE MATERIALS MODIFIED WITH CARBON FILLER

**Muldakhmetov Zainulla** — Doctor of Chemistry, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Karaganda, Kazakhstan,

E-mail: [iosu@mail.ru](mailto:iosu@mail.ru), <https://orcid.org/0000-0001-9497-2545>;

**Zhakina Alma** — Candidate of Chemical Sciences, Professor, Head of the Laboratory of Polymer Chemistry of LLP "Institute of Organic Synthesis and Coal Chemistry of the Republic of Kazakhstan", Karaganda, Kazakhstan,

E-mail: [alzhakina@mail.ru](mailto:alzhakina@mail.ru), <https://orcid.org/0000-0001-5724-2279>;

**Arnt Oxana** — Master of Technical Sciences, Researcher at the Laboratory of Polymer Chemistry of LLP "Institute of Organic Synthesis and Coal Chemistry of the Republic of Kazakhstan", Karaganda, Kazakhstan,

E-mail: [oxana230590@mail.ru](mailto:oxana230590@mail.ru), <https://orcid.org/0000-0002-8996-4572>;

**Vassilets Yevgeniy** — PhD student, Researcher at the Laboratory of Polymer Chemistry of LLP "Institute of Organic Synthesis and Coal Chemistry of the Republic of Kazakhstan", Karaganda, Kazakhstan,

E-mail: [vassilets88@mail.ru](mailto:vassilets88@mail.ru), <https://orcid.org/0000-0003-2242-486X>;

**Zhakin Almat** — Master of Technical Sciences, Researcher at the Laboratory of Polymer Chemistry of LLP "Institute of Organic Synthesis and Coal Chemistry of the Republic of Kazakhstan", Karaganda, Kazakhstan,

E-mail: [zhakin-almat@mail.ru](mailto:zhakin-almat@mail.ru), <https://orcid.org/0000-0002-5940-7097>.

**Abstract.** Currently, one of the most promising and dynamically developing areas in materials science and nanotechnology is the synthesis of composite materials containing carbon nanofillers. The integration of such nanoscale carbon structures into the composite matrix allows for significant modification of its physicochemical properties, including thermal and chemical stability. The aim of the work was to obtain new composite materials based on the processing product of coal waste modified with graphene oxide, as well as to study the influence of various factors on the process of their production, and to study their composition and physical and chemical properties. The methodology of the work includes the synthesis of composite materials based on HA using GO was carried out under the action of ultrasound. Synthesis of composite

materials based on humic acids modified with graphene oxide was carried out at different ratios of the initial reagents (HA:GO=10:0.1, 20:0.1) and different times of ultrasonic exposure (0, 15, 30 minutes). The results of the study showed that ultrasonic treatment has a significant impact on the chemical structure and functional properties of humic acid-based composites. The optimal ultrasonication time was found to be 30 minutes; further increases in time lead to destructive processes in the humic acid structure and a reduction in the number of functional groups. The introduction of graphene oxide into the humic acid shifts thermal degradation processes to higher temperatures. The resulting composite materials are characterized by increased thermal stability and a developed surface structure, making them promising materials for use in wastewater treatment processes and as components of catalytic systems.

**Keywords:** composite materials, carbon filler, humic acids, graphene oxide, ultrasound

**Financing.** *This research was conducted as part of the targeted funding program for the project IRN BR BR24992921, titled "Development of innovative technologies for obtaining new organic substances and composite materials from waste from coal mining and coal chemical enterprises in Kazakhstan".*

*For citations: Muldakhmetov Z.M., Zhakina A.Kh., Arnt O.V., Vassilets Ye.P., Zhakin A.M. Composite materials modified with carbon filler. Academic Scientific Journal of Chemistry, 2026. — No.1. — P. 267–279. DOI: <https://doi.org/10.32014/2026.2518-1491.354>*

© **Мулдахметов З.М., Жакина А.Х. \*, Арнт О.В., Василец Е.П., Жакин А.М., 2026.**

ЖШС «Қазақстан Республикасының Органикалық синтез және көмір химиясы институты», Қарағанды, Қазақстан.  
E-mail: [alzhakina@mail.ru](mailto:alzhakina@mail.ru)

## **КӨМІРТЕКТІ ТОЛТЫРҒЫШПЕН МОДИФИКАЦИЯЛАНҒАН КОМПОЗИЦИЯЛЫҚ МАТЕРИАЛДАР**

**Мулдахметов Зайнулла** — химия ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі, ЖШС «Қазақстан Республикасының Органикалық синтез және көмір химиясы институты», Қарағанды, Қазақстан,  
E-mail: [iosu@mail.ru](mailto:iosu@mail.ru), <https://orcid.org/0000-0001-9497-2545>;

**Жакина Алма** — химия ғылымдарының кандидаты, профессор, "Полимер химиясы" зертханасының меңгерушісі ЖШС «Қазақстан Республикасының Органикалық синтез және көмір химиясы институты», Қарағанды, Қазақстан,  
E-mail: [alzhakina@mail.ru](mailto:alzhakina@mail.ru), <https://orcid.org/0000-0001-5724-2279>;

**Арнт Оксана** — техника ғылымдарының магистрі, "Полимерлер химиясы" зертханасының ғылыми қызметкері ЖШС «Қазақстан Республикасының Органикалық синтез және көмір химиясы институты», Қарағанды, Қазақстан,  
E-mail: [oxana230590@mail.ru](mailto:oxana230590@mail.ru), <https://orcid.org/0000-0002-8996-4572>;

**Василец Евгений** — PhD студенті, "Полимерлер химиясы" зертханасының ғылыми қызметкері

ЖШС «Қазақстан Республикасының Органикалық синтез және көмір химиясы институты»,  
Қарағанды, Қазақстан,

E-mail: vassilets88@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-2242-486X>;

**Жакин Алматы** — техника ғылымдарының магистрі, "Полимерлер химиясы" зертханасының кіші ғылыми қызметкері ЖШС «Қазақстан Республикасының Органикалық синтез және көмір химиясы институты», Қарағанды, Қазақстан,

E-mail: zhakin-almat@mail.ru , <https://orcid.org/0000-0002-5940-7097>.

**Аннотация.** Қазіргі таңда материалтану мен нанотехнология саласындағы ең қарқынды дамып келе жатқан әрі болашағы зор бағыттардың бірі — құрамында көміртекті нанотолтырғыштар бар композиттік материалдарды синтездеу болып табылады. Осындай наноөлшемді көміртекті құрылымдарды композиттік матрицаға енгізу оның физика-химиялық қасиеттерін, соның ішінде жылулық және химиялық тұрақтылығын айтарлықтай өзгертуге мүмкіндік береді. Жұмыстың мақсаты — графен оксидімен модификацияланған көмір қалдықтарын өңдеу өнімдері негізінде жаңа композиттік материалдар алу, сондай-ақ олардың алыну процесіне әртүрлі факторлардың әсерін зерттеу және олардың құрамы мен физика-химиялық қасиеттерін жан-жақты талдау болып табылады. Зерттеу әдістемесіне сәйкес, гумин қышқылдары (НА) негізіндегі композиттік материалдарды графен оксидін (GO) қолдана отырып синтездеу ультрадыбыс әсерінде жүзеге асырылды. Синтез бастапқы реагенттердің әртүрлі қатынасында (НА:GO = 10:0.1, 20:0.1) және ультрадыбыстық өндеудің әртүрлі уақыт аралықтарында (0, 15, 30 минут) жүргізілді. Зерттеу нәтижелері ультрадыбыстық өндеудің гумин қышқылдары негізіндегі композиттердің химиялық құрылымы мен функционалдық қасиеттеріне елеулі әсер ететінін көрсетті. Ультрадыбыстық өндеудің оңтайлы уақыты 30 минут екені анықталды; уақытты одан әрі ұзарту гумин қышқылдарының құрылымында деструктивті өзгерістерге әкеліп, функционалдық топтардың санының азаюына себеп болады. Графен оксидін енгізу нәтижесінде термиялық ыдырау процестері жоғары температура аймағына ығысады. Алынған композиттік материалдар жоғары жылулық тұрақтылықпен және дамыған беткі құрылымымен ерекшеленеді. Бұл оларды ағынды суларды тазарту процестерінде және каталитикалық жүйелердің компоненттері ретінде қолдануға перспективалы материалдар қатарына жатқызуға мүмкіндік береді.

**Түйін сөздер:** композиттік материалдар, көміртекті толтырғыш, гумин қышқылдары, графен оксиді, ультрадыбыстық

© Мулдахметов З.М., Жакина А.Х. \*, Арнт О.В., Василец Е.П.,  
Жакин А.М., 2026.

«ТОО Институт органического синтеза и углехимии РК», Караганда, Казахстан.  
E-mail: alzhakina@mail.ru

## КОМПОЗИТНЫЕ МАТЕРИАЛЫ, МОДИФИЦИРОВАННЫЕ УГЛЕРОДНЫМ НАПОЛНИТЕЛЕМ

**Мулдахметов Зайнулла** — доктор химических наук, академик НАН РК, директор «ТОО Институт органического синтеза и углехимии РК», Караганда, Казахстан,  
E-mail: iosu@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-9497-2545>;

**Жакина Алма** — кандидат химических наук, профессор, заведующая лабораторией «Химии полимеров» «ТОО Институт органического синтеза и углехимии РК», Караганда, Казахстан,  
E-mail: alzhakina@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-5724-2279>;

**Арнт Оксана** — магистр технических наук, научный сотрудник лаборатории «Химии полимеров» «ТОО Институт органического синтеза и углехимии РК», Караганда, Казахстан,  
E-mail: oxana230590@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-8996-4572>;

**Василец Евгений** — PhD-докторант, научный сотрудник лаборатории «Химии полимеров» «ТОО Институт органического синтеза и углехимии РК», Караганда, Казахстан,  
E-mail: vassilets88@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-2242-486X>;

**Жакин Алмат** — магистр технических наук, младший научный сотрудник лаборатории «Химии полимеров» «ТОО Институт органического синтеза и углехимии РК», Караганда, Казахстан,  
E-mail: zhakin-almat@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-5940-7097>.

**Аннотация:** В настоящее время одним из наиболее перспективных направлений в области материаловедения и нанотехнологий является разработка композитных материалов, содержащих углеродные наполнители. Интеграция наноразмерных углеродных структур в состав композитной матрицы позволяет существенно модифицировать их физико-химические свойства, включая термическую устойчивость, химическую стабильность и структурные характеристики. Целью работы является получение композитных материалов на основе продуктов переработки углеотходов, модифицированных оксидом графена, а также исследование влияния технологических параметров на их структуру и свойства. Методология исследования включает синтез композитов на основе гуминовых кислот, модифицированных оксидом графена, с использованием ультразвуковой обработки. Синтез проводился при различных соотношениях компонентов (ГК:ОГ = 10:0,1 и 20:0,1) и времени ультразвукового воздействия (0, 15 и 30 минут). Результаты исследования показали, что ультразвуковая обработка оказывает значительное влияние на химическую структуру и функциональные свойства полученных композитов. Установлено, что оптимальное время ультразвуковой обработки составляет 30 минут, тогда как дальнейшее увеличение времени приводит к деструкции структуры гуминовых кислот и снижению содержания функциональных групп. Введение оксида графена способствует повышению термической устойчивости композитов за счёт смещения процессов термической деструкции в область более высоких температур. Полученные материалы характеризуются развитой поверхностной структурой и повышенной

термостойкостью по сравнению с исходными гуминовыми кислотами. Практическая значимость работы заключается в возможности применения разработанных композитов в процессах очистки сточных вод, а также в качестве компонентов каталитических систем.

**Ключевые слова:** композитные материалы, углеродный наполнитель, гуминовые кислоты, оксид графена, ультразвук

**Introduction.** In recent decades, the rapid development of nanotechnology has led to increased interest in the development of composite materials using nanoparticles. One of the most promising areas is the creation of composites based on organic polymer matrices and nanosized fillers (Chai et al., 2021; Lima et al., 2021). Such materials are widely used in various fields of science and technology due to their improved physicochemical, mechanical, and functional properties compared to traditional polymers (Li et al., 2024). Natural polymers, which are highly available, low cost, and have pronounced stabilizing properties, are attracting particular attention from researchers.

One of the promising natural polymers capable of serving as a matrix for the creation of composites are humic acids (HA), products of the transformation of organic matter from coals of varying degrees of metamorphism. HA are a complex set of high-molecular compounds that differ in structure, degree of aromaticity, and content of functional groups. Depending on the formation conditions, such as the degree of metamorphism, genesis, and oxidation level, their composition may be dominated by both low-molecular-weight and high-molecular-weight components, including aromatic and aliphatic fragments in various ratios (Feng et al., 2024; Sazawa et al., 2026). Recent studies have shown the effectiveness of using humic acids as sorbents for organic pollutants and heavy metals, as well as in membrane technologies for wastewater treatment (Zhakina et al., 2024; Papadaki et al., 2023).

**Literary review.** In Kazakhstan, where coal remains one of the main energy sources, a significant share of the coal balance consists of low-energy coals and coal waste, which are not suitable for efficient use in traditional power plants. The disposal and processing of such carbon-containing materials represent both an environmental and technological challenge that requires modern solutions. One promising area is the extraction of humic acids from them – natural high-molecular substances with a wide range of functional properties. Due to their ability to sorb heavy metals, organic pollutants, and ions, humic acids are used in wastewater treatment technologies, the creation of sorbents and nanocomposites, and in electrochemical systems. The use of coal waste as a raw material for the production of humic acids not only promotes rational environmental management but also increases the added value of low-grade carbon raw materials. Graphene and its derivatives serve as a promising source for the creation of nanocomposite materials (Brahma et al., 2025; Ibragimova et al., 2026). Graphene and its oxidized form (graphene oxide, GO) have become new promising materials in the field of nanotechnology due to their unique thermal, chemical, mechanical, electronic, electrical, and optical properties (Haque et al., 2025; Lin et al., 2024). This material is applicable in various fields, from medicine to the oil industry and nanoelectronics

(Huang et al., 2025; Milka et al., 2026; Amigues et al., 2026). Additionally, its sensory qualities make it a potential sensor for detecting hazardous elements (Elhaes and Ibrahim, 2025; Harini and Ponraj, 2024).

Graphene oxide is small islands of graphene with sp<sup>2</sup>-hybridized bonds, randomly distributed over the surface of the substrate, surrounded by large areas with sp<sup>3</sup>-bonds, functionalized with oxygen-containing groups (epoxy, hydroxyl, carbonyl and carboxyl) (Jirickova et al., 2022). Graphene oxide has a relatively high exchange capacity (from 5 to 8 mmol-eq/g) due to the ion-exchange properties of its carboxyl groups, which effectively extract cations of transition metals, rare earth elements, actinides, and radionuclides.

In the future, this material can be used in tap water purification systems or portable bactericidal filters, avoiding chemical oxidation processes (Gayen et al., 2024; Tiwary et al., 2024). The significant advantage of this material is its low consumption and easy regeneration (Avila-Aviles, 2025).

The combination of natural polymers and graphene oxide is a promising direction in the field of creating multifunctional nanocomposite systems. However, there are still open questions related to optimizing the synthesis conditions, ensuring uniform distribution of nanoparticles, and studying the physical and chemical properties of the composite.

The primary objective of this study is to produce composites based on humic acids and graphene oxide, as well as to investigate the influence of various factors on the production process, their composition, structure, and physicochemical properties. This work is a logical continuation of research conducted in the “Polymer Chemistry” laboratory of the “Institute of Organic Synthesis and Coal Chemistry of the Republic of Kazakhstan”, aimed at creating new functional materials based on man-made carbon sources.

